



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Армения Премьер-Министрі Никол Пашинянмен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян екіжақты сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты одан әрі нығайту перспективаларын талқылады.

Қазақстан Президентінің биылғы сәуір айында Арменияға жасаған ресми сапары барысында жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды сапалы жүзеге асыру мәселесіне ерекше назар аударылды.

Тараптар өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровты қабылдады.

Президентке аграрлық саланы дамытудың биылғы 9 айдағы қорытындысы баяндалды. Министрдің айтуынша, бүгінде егіннің 98 пайызы жиналып, 25,2 миллион тонна астық бастырылған. Орташа өнімділік әр гектардан 15,5 центнерді құрайды. Диқандар 1,2 миллион тонна қант қызылшасын жинамақ. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Сонымен қатар жемшөп түрін де көптеп жинау жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, егін егу және жинау науқанын қаржыландыру көлемін ұлғайту шаралары қолға алынды. Биыл осы мақсатқа алғаш рет 5 пайыз мөлшерлеммен 580 миллиард теңге бөлінді. Қаржы шаруаларға субсидиясыз, тікелей беріледі. Бұл бытырғы жымен салыстырғанда үш есе көп. Айдарбек Сапаровтың айтуынша, 2025 жылы аталған бағыттағы қаржыландыру көлемін 900 миллиард теңгеге дейін ұлғайту көзделіп отыр. Оның ішінде жеңілдетілген лизинг арқылы ауыл шаруашылығы техникасын алуға 200 миллиард теңге бөлінеді. Төмен пайызбен берілетін несиені тиімді пайдаланып,



сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін мемлекеттік қолдау тетіктеріне өзгеріс енгізілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа биылғы 9 айда 796 мың тоннадан астам ет өндірілгені жөнінде мәлімет берілді. Бұл бытырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4,5 пайызға артық. Сүт өндіру көлемі 4,2 пайызға өсіп, 2,8 миллион тоннаны құраған.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамытудың 2028 жылға дейінгі кешенді жоспары аясында кәсіпорындардың жүктемесін ұлғайту және отандық өнімді өткізу нарықтарын кеңейту үшін тиісті шаралар қабылданып жатыр. Сүт, ет, құнбағыс, күріш,

жүтері және қарақұмық өңдеуді 70 пайызға дейін жеткізу көзделген.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына ведомствоның келесі жылға арналған жоспары таныстырылды. Министр егістіктерді жедел әртарапандыру жұмыстары жалғасатынын айтты. Ол үшін суды көп шығындайтын және бір ғана дақыл түрі егілетін алқаптарды азайтып, көбірек пайда әкелетін өнім түрін өсіруге басымдық беріледі.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы министріне агроөнеркәсіп кешенін одан әрі дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар тапсырма берді.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ДОЛЛАР ДОЛБАРҒА КӨНБЕЙ ТҰР



4

МӘНСІЗ ТІКТОК КОНТЕНТІ АЗДЫРАП ҚАЗАҚ БАЛАСЫН...



5

КІТАПХАНАШЫ КҮНДЕЛІГІ



6

САЛАНЫ РЕФОРМАЛАУ ЖӨНІНДЕ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Санжар Жаркешовті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұлттық компанияның биылғы 9 айда атқарған жұмысының қорытындысы туралы есеп берілді.

Президентке ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру және транзиттік әлеуетті дамыту бойынша бұған дейін берілген тапсырмаларының орындалу барысы баяндалды.

Санжар Жаркешов «Алматы – Байсерке – Талғар» газ құбырының екінші желісін салу, сондай-ақ Алматыдағы екінші және үшінші жылу электр орталықтарының газға арналған инфрақұрылымын жасақтау жұмыстары аяқталғанын айтты. Бұдан бөлек, «Талдықорған – Үшарал» магистралды газ құбыры салына бастады. Өзбекстанға газ тасымалдау көлемін ұлғайту үшін «Орта Азия – Орталық» жүйесін жаңғырту бойынша дайындық жұмыстары жүріп жатыр.

Мемлекет басшысына ресурстық базаны кеңейту шаралары жөнінде мәлімет берілді. «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы



ел экономикасындағы тауарлы газды тұтыну көлемінің еселеп артуын ескере отырып, аталған саланың геологиялық барлау жобаларын жүзеге асыруға шетелден инвестиция тартылғанын айтты. Chevron компаниясымен Ақтөбе облысында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу туралы келісімге қол қойылған. Жоба толығымен инвестордың өз қаржысы есебінен жүргізіледі.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа Энергетика, Ұлттық экономика министрліктерімен бірлесе жүргізіліп жатқан бастамаар

туралы баяндалды. Бұл шаралар Мемлекет басшысы Жолдауында айтқан, газ саласының инвестициялық тартымдылығын арттыруға, көгілдір отынның лайықты тарифі мен көтерме бағасын белгілеуге қатысты тапсырмаларын орындау мақсатында қабылданып жатыр.

Кездесу соңында Президент жылыту маусымында халықты және экономиканы газбен тұрақты қамтамасыз ету, саланы реформалауды жалғастыру, газ тасымалдау жүйесінің қуаттылығын арттыру бойынша бірқатар тапсырма берді.

РЕЙТИНГІ ТӨМЕНДЕГЕН БАНКТИҢ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?

Бытыр Президент Қ.Тоқаев банк саласындағы бәсекелестікті арттыру үшін Қазақстанға шетелдің қаржы ұйымдарын тарту қажеттігін атап өткен болатын. Сол арқылы банктердің экономиканы несиелендіру мәселесін шешуді тапсырды. Сонымен қатар банк жүйесін қайта құру, ақша ағындарын цифрландыру және кәсіпкерлерге деген сенімді арттыру және елдегі бизнес пен инвестицияға жағдай жасау үшін банк ақпараттық жүйелерін мемлекеттік органдармен біріктіруге баса назар аударды.



4

БЕТ

15 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

СЕНАТ

ТҰРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫ
ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАРАЛАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 17 қазанда болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті және палатаның іс-шаралар жоспарын іске асыру аясындағы міндеттерді талқылады.

Отырысты ашқан Мәулен Әшімбаев алдымен өткен аптада ұйымдастырылған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі хатшылығының XXII отырысы мен I Жас діни лидерлер форумын қорытындылады. Сенат Төрағасы аталған іс-шаралар барысында айтылған ұсыныстар мен идеялардың маңызына назар аударып, оның бәрі 2025 жылғы 17-18 қыркүйекте Астанада өтетін «Діндер диалогы: болашақ жолындағы синергия» тақырыбына арналған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезінің панельдік сессияларында ескерілетін тілге тиек етті.

Сонымен қатар сенаторлар палатаның іс-шаралар жоспарына сәйкес осы аптада өткізілетін көшпелі отырыстардың күн тәртібін талқылады. Нақты айтқанда, Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: Заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде мемлекеттік қызметті жетілдіру, қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуды заңдас-

тыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды күшейту, сондай-ақ шаруаларды жанар жағармаймен және минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша депутаттардың алдағы жұмысы сөз болды.

Бекітілген күн тәртібіне сәйкес сенаторлар алдағы бейсенбіде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарайды. Құжат тұрғын үй қатынастары саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіруді көздейді.

Заң коммуністік тұрғын үй қорынан мұқтаж адамдарға тұрғын үй беру немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беру, тұрғын үйге жалдау акысының бір бөлігін субсидиялау және тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған тағы басқа мемлекеттік қолдау шараларын белгілейді.

Сондай-ақ бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмыс үшін тұрақты комитеттерге бөлініп берілді.

МӘЖІЛІС

ПАРЛАМЕНТТІК ДИПЛОМАТИЯНЫ
НЫҒАЙТУ МАҢЫЗДЫ

Түрікменстан астанасында Орталық Азия мемлекеттері мен Корея Республикасы парламенттері төрағаларының екінші кездесуі өтті. Іс-шараға Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов бастаған Қазақстан депутаттары делегациясы қатысты.

Парламент басшыларының кездесуі «Бейбітшілік, өркендеу және өзара сенім жолындағы серіктестік» атты пленарлық сессиядан басталды. Өз сөзінде Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов қазіргі жаһандық климаттық және демографиялық сын-қатерлердің белең алуы, қалыптасуының ушығуы, мемлекеттер арасындағы шиеленістер мен сенімсіздіктің өршуі жағдайында ұсынылған тақырыптың өзектілігін атап өтті.

— Қазір Орталық Азия біртұтас өңір ретінде дамудың жаңа кезеңін бастан кешуде. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев оны «Орталық Азияның ренессансы» деп атады. Қазақстан аймақтың Кореямен сенімді саяси диалогті, экономикалық, инвестициялық байланыстарды дамытумен қатар, парламенттік дипломатияны да нығайтуға мүдделі. Біздің елдерімізді өсіп-өркендеу және жайлы қоғам қалыптастыру жолындағы ортақ мақсаттар біріктіреді. Бейбітшілік пен тұрақтылық аймақ елдері мен Оңтүстік Корея арасындағы берік серіктестіктің мызғымас негізі болуға тиіс, — деді Мәжіліс Спикері.

Сонымен қатар Ерлан Қошанов Орталық Азия елдері мен Корея Республикасының тұңғыш парламенттік форумы елдеріміз үшін тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін жұмыс алаңына айналғанын атап өтті. Табиғи ресурстарға бай, экономикасы өсіп келе жатқан Орталық Азия аймағы мен тың технологиялары, инновациялары бар Оңтүстік Корея бірін-бірі толықтыра алады. Осыған байланысты цифрландыру мен креативті индустрия саласында, сондай-ақ Еуропа мен Азия, Орталық және Шығыс Азия арасындағы көлік-транзит әлеуеті мәселелерінде ынтымақтастықтың үлкен



перспективаларына жол ашылып отыр.

Мәжіліс Спикері әріптестерін өңірдің био және экожүйесін сақтау, климат өзгеруі мәселесін шешу, сонымен бірге су қауіпсіздігі мен энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында күш-жігерді біріктіруге шақырды. Ол Орталық Азия елдерінің су-энергетика консорциумын құру және 2026 жылы елімізде Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Өңірлік климаттық саммит туралы Қазақстан бастамасының өзектілігіне назар аударды. Оның пікірінше, Қазақстан Президентінің бастамасымен Алматыда Орталық Азия елдерінің Қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруі жөніндегі жобалық офисінің аясында бірлескен жұмысты күшейту қажет.

Орталық Азия мемлекеттері мен Корея Республикасы парламенттері төрағалары форумының қорытындысы бойынша бірлескен Декларация қабылданды.

Іс-шараға Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының төрағасы У Вон Шик, Түрікменстан Меджлисінің төрағасы Дуньягезель Гулманова, Қырғыз Республикасы Жоғорку Кенешінің төрағасы Нурланбек Шакиев, Тәжікстан Республикасы Маджлиси Намояндагон Маджлиси Оли төрағасы Махмадтоир Зокирзода, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заң шығару палатасының төрағасы Нуриддин Исмоилов және форумға қатысушы елдердің парламентшілері қатысты.

Осы күні Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов Түрікменстан Меджлисінің төрағасы Дуньягезель Гулмановамен кездесті. Екі ел арасындағы парламентаралық ынтымақтастықтың өзекті мәселелері және заң шығару жұмыстары бойынша тәжірибе алмасу жайы талқыланды. Түрікменстан тарапына Қазақстандағы саяси реформалардың жүзеге асырылуы барысы мен Мәжіліс жұмысының қорытындылары туралы ақпарат берілді.

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсат-міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссияның кезекті отырысы өтті. Онда комиссия мүшелері Орнықты даму мақсаттарын іске асыру аясында гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге және әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге (ОДМ-ның 5-мақсаты) арналған мәселені талқылады. Бұл бағытта әйелдердің экономикалық және саяси белсенділігін арттыру, гендерлік теңгерімсіздік мәселелері, еңбекақы алшақтығы сияқты бірқатар маңызды мәселе қамтылған.

Палата Төрағасы атап өткендей, Қазақстан үшін гендерлік теңдік мәселесінің маңызы зор. Өйткені ел халқының 50 пайыздан астамын әйелдер қауымы құрайды. Ал бұл — азаматтардың 10 миллионнан астамы деген сөз. Әйелдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың әлеуетін іске асыруға жағдай жасау — мемлекет пен қоғамның алдында тұрған басты міндеттер. Сондықтан аталған бағытқа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев баса мән беріп отыр.

«Мемлекет басшысының Жарлығымен 2022 жылғы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы өзектендірілді. Былтыр Президентіміздің тапсырмасымен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жауапкершілік күшейтілді. Бұл — Парламент депутаттары, Үкімет және азаматтық сектордың ауқымды әрі үйлесімді жұмысының нәтижесі. Қазақстан гендерлік теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді қоса алғанда, адам құқықтары саласындағы халықаралық шарттар мен келісімдерді белсенді қолдайды және орындайды. Бүгінде Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық гендерлік алшақтық индексіне сәйкес Қазақстан 146 елдің ішінде 76-орында тұрғанын атап өткен жөн», — деп, Сенат Төрағасы экономикалық дамуды айтарлықтай ынталандыруға және елдегі өсуді арттыруға қабілетті әйелдерді іскерлік белсенділікке кеңінен тартудың маңызды екеніне назар аударды.

Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, еңбек нарығының 48 пайызға жуығын әйелдер құраса да, олардың арасындағы жұмыссыздық үлесі жоғары, ал жалақы көлемі ерлерге қарағанда орта есеппен 26 пайызға аз болып қалып отыр. Ауылдағы әйелдердің экономикалық белсенділігі де әлі төмен деңгейде. Сондай-ақ жынысына қарай кәсіби бөліну деректері де жоқ емес. Әйелдер негізінен аз төленетін және инновациялық секторларда көп шоғырланған.

«Әйелдердің елдің қоғамдық және саяси өміріне қатысу мәселесіне ерекше назар аудару керек. Жаһандық гендерлік алшақтық индексі бойынша Қазақстанның бұл бағыттағы көрсеткіші көңіл көншітпейді. Қазір елімізде аталған көрсеткішті жақсартатын айтарлықтай әлеует бар. Дегенмен жоғарыда аталған теңгерімсіздік әйелдердің әлеуетін іске асыруды және гендерлік салада теңгерімді саясат жүргізуді шектейді. Осыған байланысты бүгінде бұл бағыттар депутаттардың, мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам өкілдерінің ерекше назарын және олардың үйлесімді жұмысын талап етеді», — деді Палата Спикері.

Сондай-ақ Парламенттік комиссияның төрағасы Мәулен Әшімбаев мүдделі тараптардың аталған саладағы қазіргі жағдайды жақсартуға қатысты бірлескен жұмысына арналған негізгі міндеттерге тоқталды.

«Әйелдердің экономикалық және саяси өмірге белсенді қатысуына кедергі келтіретін негізгі факторлардың бірі олардың қоғамдағы рөлі туралы дәстүрлі түсініктер мен қасаң қағидалар екені белгілі. Біз бұл мәселені байыпты түрде талдап, осындай ұғымды өзгерту үшін барлық деңгейде тиісті жұмыс жүргізген жөн. Әйелдердің қоғамдық және саяси институттардың жұмысына белсенді араласуын қамтамасыз ету де маңызды. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев 2029 жылға қарай ЖІӨ-ні екі есеге ұлғайту жөнінде нақты міндет жүктелді. Бұл тұрғыда әйелдердің экономикалық және кәсіпкерлік қызметтегі белсенділігін арттыру императивке айналатыны сөзсіз. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін жұмыспен қамтуды ынталандыруға және кәсіпкерлікті дамытуға арналған қолданыстағы бағдарламалардың тиімділігіне жан-жақты талдау жүргізудің, қажет болған жағдайда оларды іске асыру тәсілдерін қайта



қараудың маңызы зор. Сенімді және өзекті статистикалық деректерге сүйенбей тиімді шешімдер қабылдау мүмкін емес. Бүгінде талдауға қажетті көрсеткіштердің айтарлықтай бөлігі гендерлік бөлімде жоқ. Бұл жағдайды толық түсінуге кедергі келтіреді. Біз осы бағытта Ұлттық статистика бюросымен белсенді жұмыс істеуіміз керек», — деген Сенат Төрағасы отырыс барысында айтылған проблемаларды шешу үшін Парламент заңнамалық тұрғыда қажетті қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Комиссия отырысының жұмысына Сенат және Мәжіліс депутаттарымен қатар Үкімет мүшелері, қоғамдық және халықаралық ұйымдардың өкілдері, Сенат жанындағы сарапшылар клубының мүшелері қатысты. Іс-шара барысында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров, Парламент Сенаты Төрағасының орынбасары Ольга Перепечина, Президент жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия

төрағасының орынбасары Ләззат Рамазанова, БҰҰДБ-ның Қазақстандағы Тұрақты өкілінің міндетін атқарушы Сухроб Ходжиматов, Қазақстандағы «БҰҰ-әйелдер» құрылымы кеңесі басшысының міндетін атқарушы Дина Әмрешева, «Феликс Астана» жиһаз компаниясының бас директоры Байн Тойкебаева және Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Әзиза Шөжеева баяндама жасады.

Сонымен қатар отырыста комиссия мүшелерінің шешімімен Сенаттың Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің хатшысы Ольга Булавкина Парламенттік комиссияның хатшысы болып сайланды.

Мәулен Әшімбаев іс-шараны қорытындылай келе, қатысушыларға мазмұнды пікірталас үшін алғыс білдіріп, айтылған ұсыныстарды іске асыру барысы Сенаттың тиісті комитеттерінің бақылауында болатынын және оның бәрі комиссияның алдағы отырыстарында талданатынын атап өтті.

ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ЕҢ ҮЛКЕН МӘСЕЛЕСІ

Мәжілісте вице-спикер Дания Еспаеваның төрағалығымен еңбек нарығын дамыту және кадрлық әлеуетті нығайту мәселелері туралы Үкімет сағаты өтті. Тақырып жөнінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова мен Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев баяндады.

Жиынды ашқан Дания Еспаева Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында кадрлық әлеуетті арттыру мәселелерінде басым бағыттарды белгілеп, Үкіметке нақты тапсырмалар бергенін атап өтті. — 2025 жыл — Жұмысшы мамандықтары жылы болып жарияланды. Техникалық және кәсіптік білім беруді реформалау арқылы жұмысшы кәсіптердің беделін арттыру қажет. Сонымен қатар еңбек адамының мәртебесін арттыру үшін ынталандыру шаралары керек. Сондай-ақ экономикамызды білікті кадрлармен қамтамасыз ету үшін қазіргі заманғы еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын қайта қарастыру, экономиканың нақты секторларымен байланысын күшейту қажет, — деді Дания Еспаева.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпованың айтуынша, соңғы бес жылда жұмыс күші 420 мың адамға өскен. Нақты жалақы 28 пайызға, атаулы жалақы екі есеге артқан. Еңбек нарығының тұрақты өсуіне қарамастан, жұмыспен қамту секторында осал тұстар анықталған.

— Үшінші сын қатар — экономиканың орта кәсіптік білімі бар кадрларға деген өсіп келе жатқан қажеттілігі. Бизнес тарапынан сұраныс пен жұмыс күшін ұсыну арасындағы сәйкессіздікті аңғардық. Кәсіптік-техникалық білімі бар мамандарға сұраныс жоғары білімі бар түлектерге деген қажеттіліктен 70 пайызға артық.



Біліктілігі орташа және жоғары деңгейдегі жұмыс күшінің ұсынысы бірдей болып қалады, — деді Светлана Жақыпова.

Өз кезегінде Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев 2025 жылы мемлекеттік тапсырыс көлемін 155 мыңға дейін, оның ішінде техникалық мамандықтарға тапсырыс санын 70 пайызға көбейту көзделіп отырғанын айтты. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2024 жылдың қыркүйегінен бастап стипендия тағы 50 пайызға, яғни екі жыл ішінде студенттердің стипендиясы 2022 жылғы мөлшерден 2 есеге өскен.

Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов қосымша баяндамасында жүйелі мәселелерге де тоқталды. Біріншіден, ведомстволық бытыраңқылық. Экономиканы — Ұлттық экономика министрлігі, жұмыспен қамтуды — Еңбек министрлігі, білім беруді — Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Оқу-ағарту министрлігі жоспарлайды. Дегенмен бірінғай

үйлестірілген жұмыс пен саясат жоқ екенін айтты.

Жұмыс орындарының 70 пайызын немесе жалпы жұмыспен қамтудың 50 пайызына жуығын бизнес емес, мемлекет қамтамасыз етіп отыр. Депутат мемлекеттік қолдау шараларына, триллиондаған несие мен триллиондаған салықтық жеңілдікке қарамастан, жеке кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер тек 2,8 миллион жұмыс орнын немесе жұмыспен қамтудың 33 пайызын ғана қамтамасыз етіп отырғанына назар аударды.

Осы және өзге де мәселелерді шешу үшін Асхат Аймағамбетов кадрларды даярлаудағы тәсілдерді өзгертуге және еңбек нарығының жана моделін қалыптастыруға бағытталған ұсыныстарын жеткізді.

Отырыс барысында депутаттар жұмыспен қамту саласындағы шешімін таппаған басқа да өзекті мәселелерге тоқталды. Ерболат Саурықов былтырғы түлектердің 25 пайызы ғана жұмысқа

орналасқанын, олардың басым бөлігі алған мамандығы бойынша жұмыс істемейтінін немесе қайта даярлықтан өтіп жатқанын атап өтті. Осыған байланысты ол Ғылым және жоғары білім вице-министріне түлектердің жұмысқа орналасу пайызының төмендігін ескере отырып, жоғары оқу орындарына бөлінетін гранттар санын қайта қарау жөнінде сұрақ қойды.

— Ұлттық статистика бюросы мәліметінше, ЖОО түлектерін жұмыспен қамту 2023 жылдың қорытындысы бойынша 82,8 пайызды құрады. Ол 2022 жылмен салыстырғанда 3,3 пайызға артық. Мемлекеттік гранттарды орналастыру барысында қажеттілік көрсеткіштеріне сүйенеміз. Грантка ие болатын студенттер саны 40 пайыз болса, қалғаны өз қаржысына оқиды. Ал өз қаржысына оқитын студенттер арасында бос орындарға деген қажеттілікті реттеу қиынға соғады, — деп жауап берді Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов.

Депутат Айна Мысырәлімова су ресурстары және энергетика саласындағы кадрлардың тапшылығы мәселесін көтерді. Ол биылғы су тасқынын еске салып, апатпен күресу үшін бүгінде тапшы су шаруашылығына білікті мамандар қажет екенін айтты. Мәжілістен министрлік өкілдерінен тиісті салалардағы кадр тапшылығын азайту үшін қандай шаралар қабылданып жатқанын сұрады.

Су ресурстары және ирригация вице-министрі Болат Бекнияз бірінші кезекте кадрларды даярлау және қайта даярлау, сондай-ақ біліктілігін арттыру шаралары екенін айтты. Оның сөзінше, биыл су шаруашылығы саласында білім алу үшін жоғары оқу орындарына 520-дан астам адам түскен. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда екі есеге жуық көп. Өз кезегінде Энергетика вице-министрі Әлібек Жамауов кадрлық әлеуетті арттырудан бөлек, жыл сайын жалақылары да көтеріліп жатқанын атап өтті. Мысалы, жылу-энергетика саласының орташа маманы қазір шамамен 425 мың теңге алады.

Сондай-ақ депутаттар Үкімет өкілдеріне тақырып аясындағы өзге де өзекті мәселелерді шешуге қатысты сұрақтарын қойды. Оның ішінде, еңбек ресурстарын ауылды жерлерде бекіту, ауыл шаруашылығы саласын жұмыс күшімен қамтамасыз ету, мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа тарту көрсеткішін ұлғайту, жұмыс берушілердің сұранысы бойынша кадрларды мақсатты даярлау, НЕЕТ жастары санын азайту және басқа да мәселелер көтерілді.

Жиын қорытындысы бойынша депутаттар Үкіметке еңбек нарығын дамыту және елдің кадрлық әлеуетін нығайту мәселелері бойынша ұсыныстарын берді.

Сонымен қатар Үкімет сағаты аясында Мәжілісте тақырыптық көрме өтті. Онда «HR.Epbek» еңбек қатынастарын басқаруға арналған еңбек ресурстары порталы, сұранысқа ие мамандықты тандауға көмектесетін және одан әрі мансап құру бойынша ұсыныстарды ұсынатын «Мансап компасы» цифрлық платформасы, жұмыспен қамту саласындағы басқа да жүйелер мен мобильді қосымшалар ұсынылды.

АҚТӨБЕЛІК КОМАНДА ТОП ЖАРДЫ

Ақтөбе облысында «AMANAT» партиясының қолдауымен Ақтөбе және Батыс Қазақстан облысы ақындары арасында «Әділ сөздің алдаспаны» атты республикалық командалық айтыс өтті. Іс-шара Әйтеке би Байбекұлының 380 жылдығына орай ұйымдастырылды.



Іс-шара тізгінін ұстаған ақын, Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай командалық айтыстың тақырыбына арқау болған Әйтеке бидің әділдік, бірлік және ел болашағы үшін жасаған игі істеріне тоқталып, айтыс өнерінің маңызын атап өтті.

«Командалық айтыс — 2 жылға созылатын мега жоба. Ұшса құс қанаты талатын, көсілсе тұлпардың тұяғы тозатын алып даламыздың түкпір-түкпірінен, барлық аймағынан 20 команда бақ сынасауда. Қызылордадан басталып, Түркістанда жалғасып, бірнеше өңірде өтіп келе жатқан байқау бүгін міне, Ақтөбе облысының орталығында өз жалғасын тауып жатыр. Бүгін қос команданың ақындары Әйтеке би бабамыздың асыл, бекзат болмысын жан-жақты ашып жырлайды деп үміт арттымыз», — деді ол.

Командалық айтыста жыр, терме, күй, дәстүрлі ән сияқты қазақтың төл өнері дәріптелді. Сондай-ақ ақындар сүре айтыс, қайым айтыс, түре айтыс, қыз бен жігіт айтысы бойынша сынға түсті. Сайысқа әр командадан 4 ақын,

жыршы, термеші, дәстүрлі әнші, күйші катысты.

Өнер додасында ақын, Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының Басқарма төрағасы, «Отан» орденінің иегері Жүрсін Ерман төрағалық етті. Сондай-ақ қазылар құрамында жыршы Аманжол Көмеков, айтыскер ақын Мәлс Қосымбаев, ақын, Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан, дәстүрлі әнші Сержан Мұсайын, күйші Мұрат Әбуғазы сынды белгілі өнер иелері болды.

Торқалы тойға орай ұйымдастырылған тартысты сайыста Ақтөбе облысының командасы жеңіске жетті. Бұл команданың намысын Әділбек Сарин, Ақбота Қоянбайқызы, Нұрбол Жауынбаев, Жалғас Болатұлы, Аруна Керімбек, Жәніс Елемесов, Қайырхан Жүбаниязов, Жәнібек Бейбітов, Темірхан Жетесов қорғады.

Айта кетейік, бас-аяғы төрт кезеңнен тұратын республикалық айтыста жеңіске жеткен 2 команда 2025 жылы Астана қаласында өтетін ақтық сайыста бақ сынасады.

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

Өңірлерде «AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша оқу семинарының кезекті аптасы басталды.

Қаржы эксперттері Қызылорда қаласы және Шиелі, Жанақорған, Қармақшы, Жалағаш аудандарында дәрістер беруде. Қызылорда қаласына қарасты Ақсарма ауылдық округінде өткен семинар жұмысына партияның облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов пен партияның қалалық филиалының Атқарушы хатшысы Гүлшат Мұсаева ауыл тұрғындарына жобаның маңыздылығын түсіндірді.

Мемлекет басшысынан қолдау тауып, жалпыхалықтық деңгейге жеткен «Қарызсыз қоғам» жобасының негізгі



мақсаты — қарызға белшеден батып, үмігін үзгендерге қолдау көрсету, қолда бар қаражатқа өмір сүруге, қажетсіз несиеден бас тартуға үйрету.

Атап өтейік, бүгінгі күні өңірде жоба аясында 8 700 азамат оқу курсынан өтті. Жыл соңына дейін 2 300 азамат оқытылатын болады.

ЗАҒИП ЖАНДАРМЕН МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

«AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы мен «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің қалалық филиалы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.



Бұл меморандумның мақсаты — мүгедек жандардың құқықтарын қорғау шараларын жетілдіру және мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау жөніндегі

мемлекеттік саясаттың тиімді жүзеге асуына ықпал ету.

«AMANAT» партиясының Шымкент қалалық филиалының Атқарушы

хатшысы М. Жолдыхожаев: «Қаламыздағы мүгедектігі бар азаматтар осы меморандумның шаралатын көреді деп сенемін», — деп атап өтті. Ол зағип жандардың мемлекет қамқорлығынан тыс қалдырылмайтынын және алдағы уақытта аталған ұйым мүшелерімен бірлесіп іс-шаралар ұйымдастыруды қолға алатындарын айтты.

Сонымен қатар «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігі қалалық филиалының директоры М. Примжанов мемлекет тарапынан тиісті шаралардың жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Ол алдағы уақытта да игі істердің орындалатынына сенім білдіріп, қала аумағынан зағип жандарға арналған мәдениет үйін ашуға қатысты ұсыныс білдірді. Бұл жоба мүгедектігі бар жандарды қолдауға бағытталған маңызды бастама болар еді.

М. Жолдыхожаев ұсынысты қабылдап, партия мүшелерімен бірлесіп мәселенің шешілуіне ықпал ететінін жеткізді.

НАРЫҚ

15 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ



РЕЙТИНГІ ТӨМЕНДЕГЕН БАНКТИҢ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?

Былыр Президент Қ.Тоқаев банк саласындағы бәсекелестікті арттыру үшін Қазақстанға шетелдік қаржы ұйымдарын тарту қажеттігін атап өткен болатын. Сол арқылы банктердің экономиканы несиелендіру мәселесін шешуді тапсырды. Сонымен қатар банк жүйесін қайта құру, ақша ағындарын цифрландыру және кәсіпкерлерге деген сенімді арттыру және елдегі бизнес пен инвестицияға жағдай жасау үшін банктердің ақпараттық жүйелерін мемлекеттік органдармен біріктіруге баса назар аударды. Нәтижесінде, Оңтүстік Корея, Египет секілді елдердің инвесторлары отандық нарыққа кіруге ынта білдірген болатын. Сонымен қатар қаржы нарығындағы елеулі келіссөздердің бірі – санкцияға ұшыраған ресейлік Сбербанк еншілесінің «мұрагері» Bereke Bank-тің қатарлық инвестордың еншілігіне өтуі болды.

А **Кәмила ЕРКІН**

Жуырда Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі «Бәйтерек» холдингі мен қатарлық Lesha Bank арасында Bereke Bank-тің 100 пайыз акцияларын сату бойынша келісімнің аяқталғанын мәлімдеді. Яғни, екі тарап арасындағы барлық шарттар келісіліп, қазақстандық реттеушілер мәмілені мақұлдаған. Бірама уақыт мемлекеттің басқаруында болған Bereke банктің қаржылық ахуалы қандай болды және бұл келісім отандық қаржы нарығына қандай да бір өзгеріс әкеле ме? Сараптап көрелік.

BEREKE BANK БЕРЕКЕЛІ МЕ?

Bereke Bank (бұрынғы «Сбербанк Қазақстан») 2022 жылы «Сбербанк» қазақстандық нарықтан кетуіне байланысты көптеген қиындыққа қарамастан, қазір жағдайды тұрақтандырды. Forbes Kazakhstan рейтингінде Bereke Bank көрсеткіштері бес позицияға көтерілгенін көреміз.

«Мұндай рекордтық өсімге банк активтері, капиталы мен салымдарының айтарлықтай өсуі себеп. Өйткені қаржылық ұйым жеке және заңды тұлғаларға, әсіресе ШОБ сегментінде несиелеуді белсенді түрде кеңейткен. Соңғы жылдары Қазақстанның ірі банктері рейтингте өз позицияларын нығайтуда жалғастыруда. Екінші деңгейлі банктер арасындағы рейтингте ортаңғы позиция үшін күрес күшейіп, Фридом банк Қазақстан, Bereke Bank, Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-өнеркәсіп банкі және Шинхан банк Қазақстан сияқты бірқатар қатысушы позицияларын едәуір жақсартқан», – делінген рейтингте.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Bereke Bank акционерінің ауысуы – алдыңғы қатарлы халықаралық стандарттарды енгізуге, өнім түрлерін арттырып, қызмет көрсету сапасын жақсартуға негіз болатынын мәлімдеп отыр. Екіжақты мәміле банкті дамыту үшін жаңа перспективаларға алғышарт болмақ.

«Бұл банктің позициясын нығайтуға, қаржылық орнықтылығын күшейтуге мүмкіндік беріп, клиенттерге неғұрлым инновациялық және бәсекеге қабілетті шешімдер қабылдауына жағдай жасайды. Қазақстанның қаржы нарығына шетелдік инвестордың келуі екінші деңгейдегі банктер арасында бәсекелестікті күшейтіп, нақты секторға кредит берудің өсуін қамтамасыз етеді. Bereke Bank АҚ-тың еліміздің қаржы жүйесі үшін маңызы жоғары, халықпен және бизнес-клиенттермен жұмыс істейтін әмбебап банк. Банк Қазақстанның коммерциялық банкі ретінде жұмыс істеуін жалғастыра береді. Қаржы ұйымының клиенттер мен әріптестер алдындағы барлық міндеттемелері өзгеріссіз жүзеге асырылады», – деп баяндалған агенттік хабарламасында.

Бүгінде Bereke Bank Қазақстандағы екінші деңгейдегі банктер арасында актив көлемі бойынша 9-орында, ал несие портфелінің мөлшері бойынша 7-орында. ҚР ҚНРДА статистикасына сәйкес банк активтері 2,3 трлн теңгені, меншікті капиталы 186 млрд теңгені құрайды. Банк реттеушінің барлық

белгілеген пруденциялық нормативтерін орындайды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГІ ТӨМЕНДЕДІ

Дегенмен жыл басында халықаралық Fitch Ratings агенттігі Bereke Bank қатарлық инвестордың меншігіне өтсе, қаржылық ұйымның рейтингін төмендететіні туралы мәлімдеген болатын. Расымен де, кеше Fitch Ratings агенттік қазақстандық Bereke Bank-тің кредиттік рейтингін төмендеткені жайлы мәлімдеді.

Хабарламада Fitch агенттігі Bereke Bank-тің ұзақмерзімді рейтингін (IDR) ВВ деңгейінен В+ деңгейіне төмендетті.

байланысты қаржы ағындарын бақылау тетігіне айналмақ. Бұл дамушы нарықтардағы араб инвесторлары арасында жиі кездесетін тәжірибе, онда арабтар кейінгі инвестицияларын қолдау үшін қаржылық инфрақұрылымды бақылауға алады.

Қазақстан үшін Lesha Bank және басқа да қатарлық инвесторларды тарту – өте маңызды. Қатарлық инвесторлар әлемде табысты және ұзақмерзімді инвесторлар ретінде танымал. Биыл ғана Қазақстанда қатарлық инвесторда телеком, газ және энергетика салаларындағы миллиардтаған долларлық жобаларға инвестиция салу жоспарлары

Халықаралық агенттік банк қатарлық инвесторға сатылғаннан кейін мемлекеттік қолдау ықтималдығы төмендеді деп санайды. Өйткені банк қазір шетелдік меншік иесіне тәуелді және Қазақстанның банк секторы үшін жүйелі маңызы жоқ (оның кредиттер мен депозиттердегі үлесі тиісінше 4,5% және 3,5% құрайды).

Болжамы – «Тұрақты». Сондай-ақ мемлекеттік қолдау рейтингі (GSR) ВВ деңгейінен NS-ке дейін төмендеді (қолданылмайды). Себебі банк қатарлық Lesha Bank-ке сатылғаннан кейін мемлекеттік банк болып саналмайды.

Халықаралық агенттік банк қатарлық инвесторға сатылғаннан кейін мемлекеттік қолдау ықтималдығы төмендеді деп санайды. Өйткені банк қазір шетелдік меншік иесіне тәуелді және Қазақстанның банк секторы үшін жүйелі маңызы жоқ (оның кредиттер мен депозиттердегі үлесі тиісінше 4,5% және 3,5% құрайды).

Сонымен қатар Fitch Ratings Bereke Bank-тің жаңа меншік иесі – қатарлық Lesha Bank-тің қолдау мүмкіндігі де шектеулі деп бағалады. Себебі Bereke Bank айтарлықтай үлкен (оның активтері 4,8 миллиард долларды құрайды, бұл Lesha Bank-нен 2,8 есе көп). Сондай-ақ халықаралық рейтинг агенттігі банктің бизнес профилі мен кірістілігі жергілікті бәсекелестермен салыстырғанда әлсіз екенін және оның капиталдандырылуы орташа екенін атап өтті. «Егер активтердің сапасы нашарласа және капиталға қысым жасайтын шығындар болса, банктің рейтингі төмендеуі мүмкін. Егер банктің кірістілігі, капиталдандыруы және нарықтағы үлесі жақсарса, рейтингтік көрсеткіш де өсуі мүмкін. Экологиялық, әлеуметтік және басқару факторлары (ESG) рейтингтік шешімге айтарлықтай әсер еткен жоқ, олардың әсері аз. Банк рейтингінің төмендеуі оның жаңа меншігіне және мемлекет тарапынан да, жаңа акционерлер тарапынан да шектеулі қолдауға байланысты» – делінген Fitch хабарламасында.

ҚАТАРЛЫҚТАР ҚАНДАЙ МҮМКІНДІК ҰСЫНАДЫ?

Қатарлықтар үшін ел аумағындағы ТОП-10 банктің бірі саналатын қаржылық ұйымның активтерін сатып алу – Қазақстан мен Орталық Азияның банк нарығына кіруге жол ашады. Сонымен қатар Қазақстандағы жоспарлы миллиардталған инвестициялармен

бар екені мәлімделген болатын. Егер инвестициялар жүзеге асырылса, онда басқа да қатарлық инвесторлардың назары отандық нарыққа аумақ. Парсы шығанағындағы бай араб елдері арасындағы инвестициялық мүмкіндіктер үшін бәсекелестік жоғары екені белгілі. Ал Қатардың Қазақстан экономикасына оңтайлы инвестицияларға қол жеткізуі өңірдегі, атап айтқанда, БАӘ, Сауд Арабиясы және инвестициялық белсенділігі жоғары басқа елдердің инвесторларының қызығушылығын арттыруы мүмкін.

СІЗ КІМСІЗ, LESHA BANK?

Lesha Bank – Қатардың Qatar Financial Center кор биржасында тіркелген ашық компания. Ашық деректерде сүйенсек, Lesha Bank-тің ірі құрылтайшыларының бірі – қазіргі Қатар Әмірінің әкесі шейх Хамад бен Халифа Әл Тани. Ал банктің директорлар кеңесін шейх Фейсал бин Тани Әл Тани басқарады. Ресми деректерде сүйенсек, ол Қатардың Әл Тани корольлік отбасына жатады. Сонымен қатар Шейх Фейсал – Қатардың Qatar Investment Authority (QIA) тәуелсіз инвестициялық қорының Африка мен Азиядағы инвестицияларын басқаратын негізгі тұлғаларының бірі.

2022 жылы Lesha Bank Қатардағы инвестициялық банк саласында көшбасшы атанды. Сонымен қатар EuroMoney Market leaders рейтингінде корпоративтік әлеуметтік бастамалары, цифрлық шешімдері және исламдық қаржыландыру ұсыныстары үшін жоғары бағаланған еді.

Lesha Bank – қызметін шариғат нормаларына сәйкес жүзеге асыратын банк. 2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Lesha Bank активтері 2,05 млрд АҚШ долларын, меншікті капиталы 0,35 млрд АҚШ долларын, капиталының жеткіліктілік коэффициенті 16,9%-ды құрайды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша банк 26,5 млн доллар және 2024 жылғы 6 айда 15,5 млн доллар мөлшерінде таза пайда тапқан.

ДОЛЛАР ДОЛБАРҒА КӨНБЕЙ ТҰР

Соңғы бес айда ұлттық валютаның долларға шаққандағы бағамы 10%-ға төмендеді. Мәселен, мамырда доллар 441 теңге бағамен саудаланса, 9 қазан қарсаңында америкалық валюта 490 теңгеден асып түсіп, «психологиялық межені» еңсерді. AIQYN газеті сарапшылардан теңгенің қандай факторларға байланысты әлсірей бастағанын және доллардың құны 500 теңгеден асып-аспайтыны жайлы пікір сұрады.

Ұлттық банк басшысы Тимур Сүлейменов теңгенің долларға қатысты неге арзандап бара жатқанын түсіндіріп, қазақстандық валютаның одан әрі құлдырауын күте ме, жоқ па, соны айтып берді. Сүлейменов 500 теңгелік нарықтық бағам да жақын арада күтілмейді деп есептейді.

«Қазан айында экономикалық белсенділіктің өсуіне байланысты долларға сұраныстың артуы байқалады. Яғни, компаниялар мен экономиканың басқа қатысушылары әртүрлі мәміле жасау үшін, әсіресе тауарлар мен технологиялардың импортына байланысты долларды жиі сатып ала бастайды. Осы қазанда мұндай сатып алулар күніне шамамен 300 млн АҚШ долларын құрайды, бұл былтырғымен салыстырғанда екі есе көп. Әдетте күзде инвестициялар мен сауда күшейеді, ал көптеген келісімшарт шетелдік шикізат пен жабдықты пайдалану арқылы жасалады. Сәйкесінше, оған көп мөлшерде АҚШ доллары қажет. Осыған байланысты доллар бағамы да аздап өсті», – деді ол.

Сондай-ақ Ұлттық банк басшысы теңгенің әлсіреуіне әсер ететін бірнеше фактор бар екенін атап өтті. Солардың бірі – АҚШ Федералдық резерв жүйесінің пайыздық мөлшерлемесі төмендеткеннен кейінгі әлем бойынша доллардың күшеюі. Қазан айының басынан бастап доллар индексі алты негізгі валютаға қатысты 2,1%-ға, ал рубльге қатысты 4%-дан астам өскен. Нарық заңдары бойынша, пайыздық мөлшерлемесі төмендеген инвесторлар үшін валютаның тартымдылығы азайып, әлсірейді.

Сонымен қатар теңгенің бағамына Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗК) валюталық активтерінің үлесін 40%-ға дейін жеткізу туралы шешім де әсер еткен. Бұл долларларға деген сұраныстың артуына әкелді. Бірақ Ұлттық банк басшысы

сатып алуды тоқтату жөніндегі түсініктемесі де сұрақ туындататынын жеткізді.

«Біз Ұлттық Банк БЖЗК үшін валюта сатып алуды Ұлттық қордан валюта сатылуымындағы күрт өзгерістерді теңестіру үшін қолданатынын бірнеше рет атап өттік. БЖЗК үшін валюта сатып алудың осындай үлкен айлық өзгерістің Зейнетақы қорының салымшылары үшін түсініксіз салдарға әкелуі мүмкін, бұл Ұлттық Банктің іс-әрекеттеріндегі елеулі мүдделер қактығысын білдіреді. Біздің ойымызша, БЖЗК қаражаты Ұлттық қордан валюта сатылуымының өзгерістігін бейтараптандыру үшін қолданылғандықтан, Ұлттық Банкке қазанда теңгенің әлсіреуіне байланысты теріс тренд байқалған сәттен бастап БЖЗК үшін валюта сатып алуды бірден тоқтату керек еді», – дейді сарапшы.

Ал экономист Бауыржан Ысқақовтың пікірінше, теңгенің құнсыздануына сыртқы да ішкі де факторлар әсер етуде. Мысалы, сыртқы фактордың бірі Ресей мемлекетінің біздің экономикадағы үлесінің жоғары болуы болса, ішкі факторлардың негізгісі – бюджет тапшылығы.

– Біз ресейлік тауарлардың импортына тәуелдіміз. Ал Ресейде АҚШ долларына деген сұраныс артты. Сондықтан ол мемлекет көрші елдерден долларды көптеп сатып ала бастады. Біздегі долларға деген сұраныстың артуына ресейлік тараптың да әсері бар деп ойлаймын. Сұраныс артқанда кез келген тауардың құны өсетіні айтпаса да белгілі. Сонымен қатар экономиканың 60 пайызы шетелге тек шикізат түрінде және АҚШ долларына саудаланыпты да әсер етеді. Ал ішкі факторға келер болсақ, негізгі себеп соңғы уақыттағы бюджет тапшылығының артуы. Салықтық түсімдердің бюджеттегі үлесінің 60 пайызды



Тимур Сүлейменовтің айтуынша, қазір бұл үлеске жеттік, сондықтан доллар сатып алуды тоқтатамыз, бізге қазір олар қажет емес, және 40% деңгейін ұстап тұрамыз.

Одан бөлек, Үкіметтің қосымша трансферттер сұрауы ұлттық валюта бағамына әсер етуде. Ал осы айда Ұлттық банк бюджеттен 1,4 миллиард доллар сатуды жоспарлап отыр. Бұл рекордтық көрсеткіштің бірі. Тимур Сүлейменовтің айтуынша, қазір доллар ұсынысы жеткілікті және бұл жағдай тұрақтануға көмектеседі, ал теңге бағамы қалыпты деңгейге оралады. Орташа алғанда жылдық бағам 460 теңге болады деп есептелген және ол осы деңгейден аса ауытқымайды деп күтілуде.

Ұлттық банк басшысы алдағы уақытта доллардың 500 теңге деңгейіне жетуіне нарық заңдылығы бойынша негіз жоқтығын айтты. Сондықтан экономиканың негізгі көрсеткіштері – ЖІӨ өсімі, төлем балансы, экспорттың ұлғаюы және импорттың төмендеуі – оң болып қала береді.

Бірақ Haluk Finance басқарма төрағасының кеңесшісі, экономист Мұрат Темірхановтың пікірінше, Ұлттық Банктің мұндай түсініктемелері нарықтағы теңгенің күрт әлсіреуінің нақты себебін түсіндіріп бере алмайды.

«Мысалы, биылғы жылдың мамыр айында валюта биржасындағы АҚШ долларымен сауда көлемі жыл ішіндегі ең жоғары деңгейде болып, 5,1 миллиард долларға жетті. Сонымен бірге сол айда доллардың теңгеге шаққандағы орташа бағамы жыл ішіндегі ең төменгі көрсеткіш – 442,19 болды. Қазіргі биржадағы сауда динамикасына қарап, қазан айындағы доллармен сауда көлемі мамыр айындағыдай болады деп болжануда, бірақ 10 қазанда курс 490 теңге деңгейіне жетіп, «психологиялық межеден» асып түсті», – дейді ол.

Сондай-ақ экономист Ұлттық Банктің 10 қазанда қарай Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗК) валюталық активтері 40% деңгейіне жеткендіктен, АҚШ долларын инвестициялық портфельге

ғана құрауы теңге бағамына кері әсерін тигізгі отыр. Яғни, бюджет түсімі толығымен бюджеттік шығындарға жұмсалады. Ал әлемдік дамыған экономикалардың тәжірибесінде салықтық түсімдер шығындардан 30-40 пайызға артық. Бюджеттік шығындардың 10 пайызын әртүрлі алыммен жапсақ, қалған 30 пайыз бюджет тапшылығының орнын Ұлттық қордағы трансферттер арқылы толтырып отырмаймыз. Осы экономикадағы тұрақсыздық ұлттық валютаның құнсыздануына әкеліп отыр, – дейді ол.

Сонымен қатар экономист ұлттық валюта әлі де өз әлеуетін толық көрсеткен жоқ деген пікірді алға тартады. Оның айтуынша, экономикадағы алғышарттар қалыптасқан да ғана валюта өзін еркін айналымда тұрақты сезінбек.

– Біздегі валюталық қордың дамымағанын теңгені еркін айналымға шығарғаннан гөрі оны қолдан басқаруды жөн санап отырғанымыздан көруге болады. Тек интервенция шеңберінде долларды арзан бағамен сатып алып, қымбат бағамен сату тәжірибесі көптен бері келе жатқан әліс. Мұны тоқтатпасақ, үлкен шығын әкеліп отыр. Ұлттық қордағы шетел валютасын өзіміз қалаған бағамен халыққа сату – бұл экономика үшін де, Ұлттық қор үшін де өте қауіпті құбылыс. Ұлттық валюта өзін бәсекеге қабілетті «сезінуі үшін» экономикадағы алғышарттардың болуын қамтамасыз етуіміз керек. Мәселен, отандық өндірісті дамытып, импортқа тәуелділіктен арылып, экспортқа шығатын тауарлар санын көбейту керек. Теңгенің айналымын арттыратындей жағдай жасау қажет. Қазір теңге экономикадағы әлеуетінің тек 25 пайызын ғана атқарып келеді. Қалған функциясын шетелдік – рубль немесе АҚШ доллары секілді валюталар атқарады. Сондықтан ұлттық валютамыздың ролін кем дегенде 2,5 есеге арттыра алсақ, онда оның нарықтағы құны еркін айналымдағы оңтайлы деңгейге жетер еді, – дейді экономист Бауыржан Ысқақов.

Ә.МҰХАНБЕТ

МӘСЕЛЕ

15 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

Жас ұрпақтың амандығы, қауіпсіздігі және ұлттық құндылыққа сай тәрбиеленуі – ұлттың тұғырына, мемлекеттің ғұмырына тікелей ықпалы бар ел үшін өмірлік маңызды мәселе. Сондықтан әлемде түрлі ел әсіреленгенді виртуалды әлемнің сұмдық тегеурініне төтеп берудің сан алуан жолын қарастырып жатыр. АҚШ, Үндістан сияқты алпауыт елдер өз аумағында TikTok-қа тыйым салды. Қазақстандық депутаттар да осы үлгіні таңдауды табанды талап етті. Бұған Үкімет пен бірқатар сарапшы қарсы, неге?

МӘНСІЗ TikTok КОНТЕНТІ

А Айхан ШӘРІП

БҰҒАТТАУҒА БЕС СЕБЕП

Жуырда Геннадий Шиповских бастаған бір топ Сенат депутаты Премьер-Министр Олжас Бектеновке елімізде TikTok платформасын бұғаттауды сұрап, жүгінді.

– TikTok әлемнің түкпір-түкпірінде үлкен танымалдыққа ие. Біздің елде де бұл желінің қолданушылары саны артпаса, кеміген жоқ. Көрші елге тиесілі платформаны кей креативті жан жасөспірімдерді кәсіпке, білімге, ел тарихына қызықтыруға пайдаланып та жүр. Бірақ ондай контент саны өзге контентпен салыстырғанда шөлге тамған тамшыдай! TikTok-тағы контенттің басым бөлігі қандай сарында екенін байқап жүрміз. Әлемдік тәжірибеге назар салсақ, көптеген мемлекет әртүрлі себеппен осы платформаға ішінара тыйым салды, – деді Г.Шиповских.

Сенаторлар дүниежүзінің біраз мемлекетінде TikTok-қа тыйым салынуының негізгі себептерін атады.

Біріншіден, негізінен жас ұрпаққа бағдарланғандықтан оның балалардың психикалық денсаулығына кері әсері алаңдаушылық туғызады. TikTok-тағы кейбір контент балалардың мінез-құлқына залал келтіріп, оларды жалған идеалдарға жетелеп, тәуелділікке әкеледі.

Екіншіден, киберқауіпсіздік – қазіргі заманғы цифрлық әлемнің басты мәселесінің бірі. АҚШ, Франция мен өзге елдер TikTok-ты өз пайдаланушыларының деректерін құпия жинау әдістеріне күмәнданып, желіге шектеу енгізді. Қазақстанда да киберқауіпсіздікке назар аудару өте маңызды, өйткені дербес және мемлекеттік мәліметтердің қорғалуы ұлттық қауіпсіздікпен тікелей, тығыз байланысты.

Үшіншіден, мәліметтердің дұрыс сақталуы, хакерлерге қолды болмауы кепілдендірілмеген. Канада TikTok-тағы деректердің қауіпсіздігіне шүбәланып, шектеу шараларын енгізді. Бұл платформаның пайдаланушылар туралы мәліметтерді жинау және оларды сақтау тәсілдері күмәнді, бұл – Қазақстан үшін де өзекті проблема.

Төртіншіден, қоғамдық тұрақтылықты сақтау мақсатында да шектеулер қажет. Сенаторлардың пайымдауынша, TikTok-та жалған ақпарат пен арандатушы мазмұндардың таралуы елдегі әлеуметтік тұрақтылыққа теріс әсер етуі ықтимал. Жалған ақпараттың, жат насихаттың кеңінен таралуы қоғамда дүрбелең тудырып, қоғамдық пікірді бұрмалайды.

– Бесінші мәселе – адам денсаулығына физикалық, моральдық қауіп төндіру. TikTok-та стрим форматında өткізілетін

АЗДЫРАР ҚАЗАҚ БАЛАСЫН...



қосымшаны Қытай америкалық пайдаланушыларына ықпал ету және олардың құрылғыларын бақылау үшін пайдалануы мүмкін, тиісінше, ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіреді.

2023 жылғы ақпанда Еурокомиссия өз қызметкерлерінің TikTok-ты қолдануына тыйым салды. Еуроодақ АҚШ сияқты толық тыйым салу мәселесін пысықтап жатыр.

Қытаймен бақталас Үндістан 2020 жылғы маусымда TikTok сервисіне жаппай тыйым енгізді. Үнді Үкіметінің тұжырымдауынша, осы және өзге 58 қытайлық қосымша «елдің территориялық тұтастығын бұзады».

Индонезия TikTok-ты 2018 жылғы 3 шілдеде алғашқылар қатарында бұғаттады. Бұған онда «балалар порнографиясының, заңсыз контенттің таралуы, дін ұстындарына қарсы қылықтарды насихаттау» негіз болған. Бұл елдің Байланыс және ақпарат министрі Рудиантра «тек таза

ByteDance компаниясының заңсыз контенттен арылуы, ал қайтара енгізуге – модерациядағы кінәраттар мен заңсыз контенттің қайта пайда болуы себеп болған.

Өзбекстанда «Өзкомназорат» (ақпараттандыру және телекоммуникациялар саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекция) 2021 жылғы 2 шілдеде TikTok-ты дербес деректер заңын бұзу-

Екінші орындағы Instagram қазақстандық пайдаланушыларының санын бір жылда 15,8%-ға арттырып, 12,50 миллионға жеткізді. TikTok сияқты Instagram-ның да аудиториясы – негізінен 18-34 жас аралығындағылар.

Facebook пайдаланушылары саны 18,2%-ға ұлғайып, 2,80 миллионға жетті. Бірақ оның аудиториясы негізінен ересек: 35-44 жастағылар.

Brand Analytics стратегиялық коммуникациялар жөніндегі директоры Василий Чёрный ТикТок Қазақстандағы қоғамдық пікірге жаппай әсер ете алатын дәрежеге жеткенін айтты.

– Біз өз сараптамамызда «Қазақстан» географиясы бар хабарламаларды талдаймыз. Қазақстандық сегментті, географиясын анықтау үшін авторлардың профилдеріндегі деректер, хабарламалардың

контенттер түзілсе, Отанын шексіз сүйетін патриот ұрпақ тәрбиелеу үшін бұл платформа зор әлеуетін кеңінен пайдалануға болады. Бұған сенаторлар қарсы емес. Геннадий Шиповскихтің айтуынша, егер Үкімет TikTok-ты бұғаттауға бармаса, ең құрығанда бұл платформада экстремизмнің, радикализмнің, сепаратизмнің насихатталуына қол жеткізугі тиіс.

«TikTok. Біріншіден, шектен тыс қауіпті және моральдық құндылықтарға қайшы контенттерді анықтау мен шектеудің нақты алгоритмін ұсынуы керек. Екіншіден, ол жас балаларға қауіп төндіретін контенттен қорғау үшін YouTube Kids секілді балаларға арналған арнайы желі енгізугі қажет. Үшіншіден, егер 13 жасқа толмаған балалар TikTok-қа ата-анасының телефонынан ересек ретінде кірсе, онда Face ID технологиясы арқылы оны бұғаттау механизмін қарастыруы тиіс», – деді Сенат депутаты.

TikTok-та былапыт сөз, анайы көрінісі бар видео, музыкалық тректер еркін таралады. Қазақстандық сегментінде сервисінің контентті модерациялауы тым нашар. Мұны жезөкшелік қызметін ұсынатындар, есірткі сататындар, балалар порнографиясын таратушылар, экстремизмді, сепаратизмді ілгерілетушілер пайдаланады. Камера алдында шешіну, дене мүшелеріне зақым келтіру, онлайн суицид, буллинг, тағы басқа заңға қайшы маскара тірліктерге тыйым салынбаған.

Дербес деректерді қорғаумен айналысатын германиялық зерттеушілер TikTok қосымшасы өзін жүктенген жанның смартфонна, планшетіне браузерлік трекер орнататынын анықтады. Сол арқылы өз пайдаланушыларының интернеттегі барлық іс-әрекетін қадағалайды, көз торы, бет-жүзі, саусақ таңбасы сияқты бірегей деректерін жинайды. Бұл деректер Қытайдың құзырлы органдарына беріледі. ByteDance бұл ақпаратты жоққа шығармады, тек ол трекерлер «браузердің қаскүнемдік мінез-құлқтарды танып, соның алдын алу үшін қажеттігін» сылтау етті.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Роман Скляр сенаторларға жауабында Қазақстанда онлайн-платформалар емес, ондағы заңсыз контенттер ғана нысаналы түрде бұғатталатынын айтты.

«Бұзушылықтар анықталғанда оларды жою туралы ескертулер жіберіледі. Ондай материалдар мен интернет-ресурстарға қолжетімділік Бас прокурордың немесе оның орынбасарларының ұсынысымен, сондай-ақ уәкілетті органның нұсқамасы бойынша сот тәртібімен не «соттан тыс бұғаттау» тәртібімен тоқтатылады. Шектеу бойынша техникалық шараларды байланыс операторлары мен «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ-ы қабылдайды», – деді Р.Скляр.

2023 жылы 526, биыл 99 бұзушылық анықталыпты. Олар бойынша 59 хабарлама хаты жіберілді. Жалпы алғанда, ұлтаралық алауыздықты қоздырудың – 45, жалған ақпарат таратудың – 34, митинг-шеру өткізуге шақырудың – 16, сонымен қатар сепаратистік қызметтің, конституциялық құрылысты күштеп өзгертуді насихаттаудың деректері әшкереленді.

Бірінші вице-премьер құқыққа қайшы контентті анықтау бойынша тұрақты негізде мониторинг жүргізілетінін алға тартты. Мысалы, 2023 жыл қорытындысында 44 630 заңсыз материал жойылды. Соның ішінде 10 142 заңсыз контент балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпарат болған. 2024 жылы онлайн платформалар өзіндегі 3 432 материалды жойды, оның 2 137 бұзушылығы балаларға қатысты.

Үкімет TikTok-ты бұғаттауға қарсы. Негізгі дәйектеме – қытайлық тұғырнама Қазақстан билігімен ынтымақтасалы.

– Заң бойынша біздің еліміздің аумағында қызметті жүзеге асыру үшін онлайн-платформалардың иелері өзіннің Қазақстандағы заңды өкілдерін тағайындауы тиіс. Заңды өкілдердің тізімі жүргізіледі. 2023 жылы Қазақстанда ByteDance компаниясына тиесілі TikTok-тың ресми өкілдігі ашылды. Өз кезегінде TikTok платформасы барлық пайдаланушысы үшін халықаралық құқықтық нормаларға негізделген бірыңғай ережесі мен стандарттарын қолданады, – деді Р.Скляр.

Депутаттар мұнымен келіспейді. Сенатор Әлішер Сатвалиевтің айтуынша, TikTok-тың қазақстандық сегментіндегі функциялары мен алгоритмдері қазіргі кезде Батыс елдерінде қолданатын қатаң нұсқасымен бірдей болуын талап ету қажет. Роман Скляр онлайн-платформалардың өкілдерімен бірлесіп, әрі Қазақстанның ұлттық ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеріп, тұғырнамаларды бейімдеу үшін жұмыс кенестері өткізілетінін жеткізді.

Қалай болғанда да, бала атаулының бар ықыласы мен ынта-жігері смартфонға ауған заманда әлеуметтік желілерді ұлттық мәдени, ақпараттық өнімдерді жаһанға тарату, оларды тәрбие құралы ретінде пайдалану маңызды. Ол үшін қазіргі заман бәсекесіне сай, талабына лайық, сапасымен сүйсіндіретін қазақтілді контенттің үлесін күрт арттырған абзал.

TikTok-та былапыт сөз, анайы көрінісі бар видео, музыкалық тректер еркін таралады. Қазақстандық сегментінде сервисінің контентті модерациялауы тым нашар. Мұны жезөкшелік қызметін ұсынатындар, есірткі сататындар, балалар порнографиясын таратушылар, экстремизмді, сепаратизмді ілгерілетушілер пайдаланады.

шылар реестріне енгізді. Осыдан кейін өзбек IP-адрестерінен оған кіру мүмкін болмай қалды.

Қазақстандық сенаторлар, қоғам белсенділері: «Көрші Қырғызстан да TikTok-ты бұғаттап тастады ғой?!» – деген дәйектеме келтірді. Қырғыз әріптесіміз, журналист Екатерина Хванның айтуынша, 2024 жылғы 18 сәуірден бері Ұлттық қауіпсіздік мемлекеттік комитетінің сұрауымен интернет-провайдерлер оған қолжетімділікті шектеді. Ресми себеп – балалардың денсаулығына зиян келтіруінің алдын алу. Комитеттің түсіндіруінше, «TikTok-тың қырғызстандық сегментінде контентке цензура жүргізудің жүйелі және қағидаты жоқ». Содан кейін пайдаланушылардың көбіне қосымша ашылуы қойды. Алайда елде TikTok желісі толық жойылған жоқ, оны айналма жолдармен, VPN арқылы пайдалануға болады, ол үшін ешкім қудаланбайды.

ТЫЙЫМ БА ӘЛДЕ ТЕНГЕРІМ БЕ?

Wunder Digital компаниясының сарапшылары отандық digital-нарыққа талдау жүргізіп, нәтижесін жариялады. Оған сәйкес, енді Қазақстандағы ең танымал әлеуметтік желі мәртебесіне TikTok ие болды. Бұрынғы көшбасшы, америкалық Instagram-ға енді ысырылып, қытайлық қосымшаға төрден орын беруге тура келді. 2023 жыл қорытындысында TikTok-тың қазақстандық сегментінің аудиториясы бірден 35,4%-ға өсіп, пайдаланушыларының саны 14,1 миллионға жеткен.

бармайтынына сенімді. Тыйым орнына теңгерімді қамтамасыз ететін шаралар қабылдануы мүмкін.

«Біріншіден, тыйым Қытаймен арадағы қарым-қатынасқа селкеу түсірер еді. Қырғызстанмен салыстырғанда, Қазақстан мен ҚХР-дің ел басшылары деңгейінде тығыз, достық пейілдегі қатынас орнаған. Екіншіден, өзге әлеуметтік желілермен салыстырғанда TikTok Қазақстанның билігімен, құзырлы органдарымен ынтымақтасып отыр. Ендеше TikTok модерациялауды күшейтсе, заңсыз контентті белсенді жойса, бұғаттау мәселесі күн тәртібіне қойылмайды. Үшіншіден, ТикТоктың Қазақстанда өкілдігі бар. Meta (Instagram, Facebook), Google (Youtube) Қазақстанның құзырлы органдарының талаптарын көп орындай бермейді, мұнда өкілдіктері де жоқ», – деді сарапшы.

Ол тағы бір жайтқа назар аударды: әлеуметтік желілер Қазақстанда орыстілді болып келеді, сол басымдыққа ие. Бұдан тек екеуі ерекшеленеді: Facebook-та және TikTok-та қазақтілді авторлар мен қазақша контент мол, орысшадан көп. Фейсбукте қазақтілді 134 мың автор тұрақты контент түзсе, TikTok-та олардың саны 753 мыңнан асты.

МОДЕРАЦИЯ ЖАҚСАРА ДЕГЕН ТІЛЕК

Заңсыз контентке пәрменді тосқауыл қойылса, сондай-ақ TikTok-тағы қатары қалып жасқа жаппай ұнайтын, ұлттық құндылықтарға құрылған заманауи форматтағы, бүгінгі күннің стиліндегі



жарыстар кең таралды. Онда жеңілген адамға жеңімпаз әртүрлі тапсырма береді. Онысы бір карағанда қызық әрі көңіл көтеруге бағытталғандай. Шынында, мысалы, «Зеленка іш!», «Аузына шамлампа сал!», «Іш киімді көрсет!» секілді бұйрықтар адам өмірі мен денсаулығына үлкен қауіп төндіреді. Сондай-ақ қоғам алдында адамның, баланың абыройын түсіріп, моральдық тұрғыда енсесін жаншып, зорлық көрсетіп, заңнаманы бұзады, – деді Сенат депутаты.

Осыны ескеріп, сенаторлар TikTok-ты Қазақстанда бұғаттауды ұсынды.

ӨЗГЕ ЕЛДЕР НЕГЕ ТЫЙЫМ САЛДЫ?

Төрткүл дүниенің әр түкпірінде қытайлық бұл платформаға түрлі себеппен тыйым салынды. Мысалы, 2024 жылғы наурызда АҚШ Конгресі TikTok-қа жалпымемлекеттік тыйым енгізуді жақтап дауыс берді. Негізгі дәйектеме – бұл

контентті қолдау жөнінде кепілдік берсе, оны қайта ашуға болатынын» хабарлады. TikTok тез үн катып, Индонезияда контентті цензурау үшін 20 қызметкер алды. Осыдан кейін Индонезия бұғатты алып тастады.

Бангладеш тосқауылдау шарасын 2018 жылғы қарашада қабылдады. Сол кезде осы мемлекетке қауіпсіз хәм сенімді интернет құру үшін «порнографиясы және құмар ойындары бар сайттарды жаппай жою» науқаны жүрді. TikTok бұл елдің де талаптарына жедел ден қойды. Соның нәтижесінде, Бангладеш TikTok-ты бұғаттаудан шығарды.

Бір қызығы, Пәкістан ТикТок-қа дүркін-дүркін тыйым салып, ізінше оны алып тастап отырады. Осы елдің Электр байланыс басқармасы 2020 жылғы шілдеде, қазанда, 2021 жылғы наурыз, маусым, шілдеде, сондай-ақ 2022 жылы қытайлық қосымшаға бұғат салып, бірнеше күннен сон жойды. Бұл ретте алып тастауға –

РУХАНИЯТ

15 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

Кітап оқитын, руханиятқа біртабан жақын адамдар, қоғамдағы өзгерістерге бейжай қарамайтын, кеудесінде ыңылы бар азаматтар жексенбі күні түс ауа Астанадағы Жас көрермендер театрына жиналды, танымал кітапханашы, руханияттың жанашыры, елордадағы Ұлттық академиялық кітапхананың директоры Ғазиза Құдайбергеннің «Кітапханашы күнделігін» тыңдап қайтты. Кітапсүйер қауым жүрегіндегі сезімдерді қозғап, терең ойларға ерік берді. Керемет кеш болды. Ғазизаның рөлін сомдаған Инабат Ризабекова киім киісі, жүріс-тұрысы, мәтінді табиғи оқуымен тамсантса, театр актерлары кітаптағы мәтіндерден оқып, ән айтып, адамдарға парасат, білім сыйлаған кітапханашыға деген айрықша құрмет пен зор ықыласты көрсетті. Театр актерлерінің сахнада айтқан халық өндері, заманауи эстрадалық музыка кешіне ерекше көрік берді, зал лық толы жастар әдемі әуенге тербеліп тұрды.

«Жаның тазаланған сайын жалғыздық-ты ансайсын», «Құлшылықты Құдайды таңғалдыру үшін жасамайық...», «Демалыс алдым, өзімді сақтау үшін, өзінді сақтауым — өзгені сақтауым», «Кітапты алып оқыңыздар, сондай болып кетпесен де жақсы қасиеттер жұғады», «Бақытты ұрлама, бақытты жаса», «Адамды қуанып жүріңіз, өмір — қас-қағым», «Қазір маған оңашаланған ұнайды, кітап оқуға, ойлануға болады», «Өмір — күрес» дегенмен келіспеймін, өмір деген жүрегімнен, жүрек қалауымен өмір сүру емес пе?», «Жамандық туралы тарататындар — өз жанын аямайтындар...», «Музыкалық театрда жаңа қойылым — «Қоштасқым келмейді» көрдім. Көрдім де ішімнен тындым... Талантты режиссер Асхат Мамировтің режиссерлігімен қойылған спектакль, әйгілі орыс драматургі А.Володиннің терең психологизмге құрылған классикалық туындысы ерлі-зайыптылардың өмірін және олардың күрделі қарым-қатынасын баяндайды. Әлеуметтік мәртебесі, өмірге көзқарасы әртүрлі ажырасуға бел буған сегіз отбасы сотқа жүгінеді... Адамдар тағдырлар, тұңғыққа тірелген өмірлер түрлі ойға жетелейді, қоғамдағы өзгерістердің ұлттық менталитетімізге әсері, сенінше, көп жағдайда адамдардың бір-бірін түсінбеуінен, кітапты аз оқуынан, парасатқа, ақылға жүгінбеуінен дер едім...».

«Менің ең бірінші мүддем — кітапханаға адамның келуі. Бір келген адамның кайтып келуі үшін мүдделімін. «Мына жерде әдемі кітапхана бар екен, жұмысты сол жердің кофеінін ішіп отырып істеу керек» деп келсе қуанамыз» дейтін Ғазиза ханым кітап оқудың, оқырман тартудың біраз әдісін біледі. Мысалы, өзі басқаратын академиялық кітапхананың кітапханашыларына: «Кітап оқы деп айтпаңыздар, оқытатын әдістеме ұсыныңыздар. Балаға таңертеңгі уақытта он бес минут кітап оқытып, статистикасын шығаруды, бала-

КІТАПХАНАШЫ КҮНДЕЛІГІ



ны тыңдаушы және пікірін айтатындай қылып үйретем десеңіз, ата-ана өзі-ақ сізге баласын жетектеп келеді. Сол кезде біз: «Оқырманымыз көбейді, кітапханашылардың біліктілігі бар, айлығын көбейтіңіз, жағдайын жасаныз» деп айқайлап айтамыз. Аренаға шығу деген осы», — деп айтады.

Ғазиза ханым кітапханаға адам келмеуінен, жаңа кітаптар шықпауынан қорқалды. Егер кітапханаға оқырман аз келсе, оның несі қызық (кітапханаға осынша адам келді деп өтірік статистика

беріп отыруға да құлықсыз), қалай болғанда да жаңа мүмкіндік, жаңа әдістің бәрін пайдаланып, кітапхана жұмысын ілгерілету керек дегенді қолдайды.

Бұл — Ғазизаның күнделігінен үзінділер. Оның айналасы туралы, ақын-жазушылардың шығармалары туралы, классикалық дүниелердің дүниетанымды қалай өзгеретіні жайлы айтқан, ойлағандары маржандай тізіліп, ақ қағазға осылайша өріліп жазылған, енді ол кітап болып таралып, адамдарға кітаппен дос болуды, қалай оқуды, кімдерді оқуды білуге жетелейді.

Ғазизаның, әсіресе, өмірден жарқылдап өткен журналист Бейсен Құранбек туралы жазған естеліктері, оның айтқан сөздері оқылғанда көзімізге еріксіз жас келді...

«Ұлттық құрылтай барысында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мартин Лютер Кинг сияқты менің де көкейімде жүрген бір арман бар, бұл — тәулік бойы жұмыс істейтін Президент кітапханасын ашу», — деген болатын. Мемлекет басшысы тілге тиек еткен кітап ордасы Анкара шаһарында орналасқан. Астанада шетелдегідей, мысалы, Париждегідей тәулігіне 24/7 режиммен жұмыс істейтін кітапхананың ашылуын армандаймын», — дейді Ғазиза Құдайберген.

Шынында да, Франция Ұлттық кітапханасы Парижде орналасқан. Ол әлемдегі ең бай француз тіліндегі әдебиеттер жинағымен танымал. Еуропаның ең көне, ал Франция мен әлемнің ең ірі кітапханаларының бірі. Ұзақ жылдар бойы француз патшаларының жеке кітапханасы болды. Кітапханада 2 700 қызметкер жұмыс істейді. Сақтау қорында 31 миллион кітап бар кітапхана жылына 1,3 млн адамға қызмет етеді екен.

— Кітапханашы кімдермен кездеспейді, алдына кімдер келмейді... Кітапханашы —

жұмыс емес, мамандық. Францияда «Американская библиотека в Париже» деп аталатын 1920 жылы ашылған кітапхана бар, сол секілді «Ғазиза Құдайберген» атты мөрі бар үйіміде тамаша кітапхана болса деймін. Жалпы елімізде жоғарыда айтқандай, 24/7 режиммен жұмыс істейтін ғажайып сәулетті кітапхана жұмыс істесе деймін, — деген идеяға толы, жаңашыл кітапханашының асыл армандары орындалса, мақсатына жетсе дейміз.

Кітапхана — кітап сақтайтын орын ғана емес, сонымен қатар мәдени-ағартушылық мекеме. «Кітапхана тірі болса — халық та тірі, ол өлсе — біздің өткеніміз бен болашағымыз да өледі» дейді Лихачев. Ендеше руханияттың ордасы — театрда жастар кітапты, кітапханашыны құрметтеп, абыройын аспандатып жатқаны, ақын-жазушыларымыздың шығармаларын оқуға ден қойғаны тек қана қуанарлық оқиға, сондықтан болса керек, адамдарға рухани азық сыйлаған кітапханашылардың еңбегін бағалаған, насихаттаған еліміздегі тұңғыш моноспектакль аншлаптан өтті, біз де бір сәт күйбең тіршіліктен алыстап, рухани байып, жанымыз тазарып шықты.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ ЖАҢА МАУСЫМЫН АШТЫ

Келер жылы 90 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған Қуыршақ театрында кезекті жаңа маусымның шымылдығы ашылды. Кішкентай көрерменнен қайта қауышқан ұжым тұңғыш рет 1984 жылы сахналанған театрдың бойтұмары — «Қуыршақ думан» қойылымын көпшілік қауым назарына ұсынды.



Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Сырғанып уақытты артқа тастап көрерменіне жаңғырған, қайта өңделген нұсқада жол тартқан «Жұлдызды қуыршақтар» премьерасында Роза Бағланова, Майкл Джексон, Фарух Закиров сынды қуыршақ образындағы жұлдыздар қатарына қазақтың бағына біткен талантты тұлғалар — Роза Рымбаева және Димаш Құдайберген қосылды. Жаңа маусымның ашылу салтанатына арнайы келген Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Халбеков Қуыршақ театрының тарихта бағындырған белестері мен балаларға ұсынған сәтті қойылымдарына ерекше бағасын беріп, шығармашылық ұжымның ұрпақ тәрбиесі мен мәдениеттің түрлену жолында атқарып отырған жұмысына қолдау білдіретінін алға тартты.

— Театр ұжымын кезекті ашылу маусымымен шын жүректен құттықтаймын! Біз қазірдің өзінде театрдың жылдан-жылға дамып, түрленіп келе жатқанын бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы көріп отырмыз. Осында қызмет ететін барша мамандар мен шығармашылық ұжым мүшелеріне, көрерменге тек жақсылық тілеймін. Театр репертуары жаңа қойылымдармен толыға берсін. Өскеден ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне, мәдениетіне, дұрыс жолдан жаңылмауына бағыттайтын қойылымның барлығы бүлдіршіндердің жарқын болашағы үшін, — деді Арман Бейсенбайұлы.

Биыл театр ұжымы үшін жетістіктер тақтасы тағы да асқаралы белестермен, өнер ордасының

қоржыны айтулы жеңіспен толыққан жыл болды. Соның ең жарқын мысалдарының бірі — жыл басынан кішкентай бүлдіршіндер үшін көңілді әрі қызықты Шарль Перронның «Етік киген мысық» (реж.: Болат Момынжанов), жасөспірімдер аудиториясына орайластырылған қазақ спорт тарихында өшпес із қалдырған ұлт мақтанышы, Олимпиада чемпионы Бекзат Саттархановқа арналған «Чемпион» (реж.: Оразәлі Ақжарқын-Сәрсенбек) және ересектерге арналған орыс классигі Н.Гогольдің психологиялық оқиғаға толы, философиясы терең «Шекпен» (реж.: Николаз Сабашвили) қойылымдары театр репертуарына қосылды. Дегенмен қойылымдар саны мұнымен шектелме емес. Себебі театр ұжымы жаңа маусымда сүйікті көрерменіне жаңа тосынсыйлар әзірлеп қойған көрінеді.

— Биыл жаңа маусымда межелеген біршама жоспарымыз бар. Солардың бірі қолға алған жобалардың ішіндегі ең ауқымдысы — II Халықаралық қуыршақ фестивалі. Фестивальге Қазақстан мен шетелдік театр ұжымдарынан 20-ға жуық қойылымдар қатысады. Оның ішінде, 10-нан астамы — шетелдік қойылымдар. Олар жай ғана шетелдік қойылым емес. Әрбір қатысушы мемлекет өз еліндегі ең бетке ұстар, ең мықты қойылымдарын Қазақстанға алып келеді. Театрдың басты мақсаты — балаларға арналған қызықты қойылымдарды сахналау. Қазіргі уақытта біз Жаңа жыл мерекесіне қарсы «Қар ханшайымыз» қойылымын сахналауды жоспарлап отырмыз. Бұл қойылым сахнада бір рет көрсетіліп қана қоймай, театр репертуарына

кіріп, көрерменіне тұрақты түрде ұсынылады. Тағы бір үлкен жоспарларымыздың бірі — театрдың 90-жылдық мерейтойын атап өту. Қуыршақ театры — тарихы терең орда. Сондықтан біз мұнда музей ашуды жоспарлап отырмыз. Музейде Қуыршақ театрының өркендеу жолында еңбегі сіңген әріптестеріміздің суреттері, көне қуыршақтар және т.б заттар қойылады, — деді театрдың көркемдік жетекшісі Еркебұлан Қабыл.

Тағы бір атап өтерлік маңызды жайт, шығармашылық ұжым алдағы уақытта тәжірибесінде бұрын-соңды болмаған жаңа форматтағы қойылымдарды жарыққа шығарғысы келеді. Сәйкесінше, мұнда аудиторияда да ерекшелік бар. Театрдың көркемдік жетекшісінің айтуынша, шетелде Baby Theatre атанып кеткен бағыттың негізгі көрермені ең кіші жастағы балаларды қамтиды.

— Қазір көптеген театрда 1-3 жас аралығындағы балаларға арналған қойылымдар жоқтың қасы. Әлем елдерінде мұны Baby Theatre деп атайды. Бұл бағыттағы қойылымдар балабақшаға дейінгі балаларға арналған. Қойылымның басты ерекшелігі — балалардың сезім мүшелерімен жұмыс істеуінде. Біз де алдағы күндері осы бағытта қойылымдар дайындап, өз тәжірибемізді сынап көргіміз келеді, — деді ол.

Еркебұлан Қабыл сұхбат барысында қойылымда басты рөлді атқаратын, көрерменнің басты назарына ие болатын қуыршақтарды әзірлеу процесі аз күнде бітетін шаруа емес екенін, оның артында бүтін бір ұжымның еселі еңбегі жатқанын атап өтті.

— Қойылымды жарыққа шығару өте ұзақ уақытқа созылады. Өйткені мұнда қуыршақ көп. Саны көп болғаннан кейін шығар, бір қуыршақтың қанқасын жасау бес, тіпті он күнге дейін жалғасады. Қазір қуыршақтар да заманына сай өзгеріске ұшырап келеді. «Қуыршақ думан» — дайындық жұмысы ұзаққа созылған қойылымдарымыздың бірі деп айтсақ болады. Өйткені әрбір қуыршақты сахнаға сай әзірлеу — өнай емес. Театрда жұмыс істейтін әрбір әртіс немесе режиссер ең біріншіден баланың психологиясына мән беруге тырысады. Біз ұсынып отырған қойылым баланың санасына қалай әсер етеді деген сауалды алдыңғы орынға қоямыз, — деп сөзін түйіндеді Е.Қабыл.

Осыдан бірер ай бұрын театр ұжымы елге өнер ордасы үшін ғана емес, күллі қазақ мәдениеті үшін маңызы орасан қуанышты хабармен оралған еді. Қуыршақ театрының ұжымы тұңғыш рет Канада мемлекетінің Оттава қаласында өткен I Халықаралық «Оттава» қуыршақ театрлары фестивалінде ағылшын драматургі У.Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» (реж.: Дина Жұмбабаева) шығармасын сахналап, «Гран-При» жүлдесін иеленіп қайтты. Бұл дегеніміз әйгілі махаббат оқиғасын баяндаған қойылым әлемдік аренада қазақ елінің ұлттық қуыршақ өнерінің атағын аспандатты. Театрдың баспасөз қызметі маманының сөзінше, Қуыршақ театры отандық қуыршақ театры өнерін кеңінен насихаттау әрі халықаралық мәдени ынтымақтастықты нығайту мақсатында жыл сайын әлемнің белді театр фестивалдеріне қатысуды дәстүрге айналдырған.

Хабарландыру

Сатып алу ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабы негізінде Университеттің №4 оқу ғимараты мен №6 жатақханасы ғимараттары аумағындағы ішкі автокөлік жолдары мен автотұраққа асфальт төсеу бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстарын сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: Тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Құрылыс мердігерінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;

2. Сатып алу нысаны болып табылатын жұмыстарды орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, орындалған жұмыстар актісі және электрондық шот-фактура);

3. Құрылыс мердігерінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзіретті органдарға тіркелуі туралы анықтамасы;

4. Құрылыс мердігерінің жұмыстардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.

5. Құрылыс мердігері КҚС төлеуші болса орындалатын жұмыстар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде КҚС қарастыру керек.

6. Құрылыс мердігерінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы;

7. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында құрылыс мердігері ұсынылған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізу шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі. Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК НСВККЗКХ, ЖСК КЗ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Орындалатын жұмыстардың көлемін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 22.10.2024 (12:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты: Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинетте қабылданады.

БҰҚАРА ҮНІ – БИЛІК НАЗАРЫНДА



БІРТҰТАС ҚОҒАМНЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ

«Адал азамат» тұжырымдамасы – әділетті мемлекет пен біртұтас қоғамның берік негізі. Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен Түркістан қаласында Әдеп жөніндегі уәкілдердің республикалық форумы ұйымдастырылды.

Оған Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай, Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды, Парламент Сенатының депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп, МКІА жанындағы Қоғамдық кеңес төрағасы Бибігүл Ағыбаева, орталық және жергілікті атқарушы органдардың әдеп жөніндегі уәкілдері, мемлекеттік қызметшілер және мемлекеттік қызмет ардагерлері қатысты.

Форумының мақсаты – мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарын және Әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін жетілдіру мәселелерін талқылау. Іс-шараның ашылуында МКІА төрағасы Дархан Жазықбай бильғы форумның Түркістан жерінде өтуінің өзіндік символдық мазмұны бар екеніне тоқталды. Себебі Мемлекет басшысы осы киелі мекенде өткен Ұлттық құрылтайда «Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады» деген болатын. Мемлекеттік қызметшілердің тұлғалық болмысын Адал азамат идеал-

дарына сай ілгерілету – агенттіктің үнемі назарында.

Агенттік төрағасы форум аясында келесі мәселелерге баса назар аударудың маңыздылығын айтты. Біріншіден, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сай, мемлекеттік қызметшілердің тұлғалық болмысын жетілдіру жұмыстарын жалғастыру. Бұл жай ғана ресми стандарттар емес – халыққа қызмет ету идеясына негізделген философия болуға тиіс. Оның мақсаты – қоғамға үлгі бола алатын тиімді мемлекеттік аппаратты құру. Екіншіден, антақ адалдықтың маңыздылығын басты назарда ұстау. Әрбір мемлекеттік қызметші ант қабылдағанда адал, әділ және өз міндеттерін мінсіз орындауға уәде береді. Ант қоғамға адал қызмет ету, ел мүддесін қорғау және жоғары моральдық құндылыққа сәйкес әрекет ету міндетін жүктейді. Үшіншіден, халық сеніміне ие болу, заң үстемдігін орнықтыру. Әділдік, ашықтық және әдептілік қағидаттарына сай қызмет ету қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін орнықтырады.

Мемлекеттік қызметшілер барлық азаматтың заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етіп, объективті шешімдер қабылдауға тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарын жетілдірудің жаңа тәсілдері мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрініс тауып отыр. Оларды жүзеге асыруда Әдеп жөніндегі уәкілдер институтына маңызды міндет жүктеледі.


Қатысушылар әдеп жөніндегі уәкілдердің дербестігін күшейтуге және оларды бағалау мен бақылаудың неғұрлым тиімді тетіктерін енгізуге қатысты ойларын да ортаға салды. Дархан Жазықбайдың айтуынша, Әдеп жөніндегі уәкілдер қызметтік әдеп стандарттарының сақталуының кепілі болуға, өздері үлгі көрсетуі және мемлекеттік органдарда ұжымдық мәдениеттің нығаюына ықпал етуге тиіс.

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды форум жұмысына сәттілік тіледі.

– Сіздерді тарихи Түркістанда қарсы алып, кездесіп тұрғаныма қуаныштымын! 25 қазан – Республика күні қарсаңында мемлекеттік қызметші мінез-құлқының жаңа моделі талқыланған форумның киелі Түркістанда өтіп жатқаны бізді қуантады. Екі миллионнан астам халқы бар өңірде 6 мыңға жуық мемлекеттік қызметші жұмыс атқаруда. Бүгінде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының 19 түлегі, «Болашақ» бағдарламасының 5 түлегі, шет елдерде білім алған 64 мемлекеттік қызметші өңіріміздің дамуына қызмет етуде. Түркістан облысы әкімдігі мемлекеттік қызмет саласын жетілдіру, жаңа өзгерістерді іске асыру бағытында нәтижелі жұмыс жүргізуде. 4 ауданның әкімі сайланды. Облыста өңірлік кадрлық резерв іріктеліп, оған 32 мемлекеттік қызметші жасакталып, қазір 3 резерв өкілі жоғары лауазымға тағайындалды, – деді облыс әкімі.

Агенттік мемлекеттік қызмет саласындағы анықталған заңбұзушылықтарды зерделеп, олардың себептерін талдау және алдын алу жұмыстарын тұрақты жүргізіп келеді. Былтырдың өзінде Әдеп жөніндегі уәкілдер мемлекеттік қызметшілер арасында адалдық пен әділдік қағидаттарын ілгерілетуіне ықпал ететін 30 мыңға жуық түрлі іс-шараларын ұйымдастырды.

Атап өту керек, бүгінде республика бойынша мемлекеттік органдарда 713 Әдеп жөніндегі уәкіл қызмет атқарады.



Әрине, «Адал азамат» ұғымы қазаққа бұрыннан бар, бірақ Президент оны қайта жаңғыртып, өлшемін дәп басып сипаттап, тәптіштеп тұрып түсіндіріп берді.

Отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс. Осындай ізгі қасиеттің бәрін бойына сіңірген жанды «Адал азамат» деген бір ауыз сөзбен сипаттауға болады. Олардың қатарында құрылысшы, дәрігер, мұғалім болсын, ең бастысы, әркім өз міндетін адал атқарса, наным адал еңбекпен жесе, соның өзі әділдік, адалдық.

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі – оқушының болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезіккен шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, алдағы болашағында бағытынан таймасы анық. Саналы ғұмырының түп-тура 30 жылын осы салаға арнап, балалардың сапалы білім алуына өлшеуіс үлес қосқан Түркістан облысы Төлеби ауданының тұрғыны Зағипа Алдиярова – бүгінде аудандағы Ақайдар жалпы орта мектебінде әлеуметтік педагог және биология пәнінің мұғалімі.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, Зағипа Кенжеғұлқызы ұстаздық жолын сонау өзі туып-өскен Қарақалпақстан елінде 30 жыл бұрын бастаған. Нүкіс мемлекеттік университетін 1994 жылы биология-экология мамандығы бойынша бітірген ол, Шоманай қаласында Гагарин атындағы мектепте биология пәнінің мұғалімі болады. Бір жылдан соң отбасын құрып, Нүкіс ауданындағы Ленин атындағы мектепке ауысады. 2000 жылы отбасымен бірге атажұрты Қазақстанға,

ІЗГІ ҚАСИЕТТІ БОЙЫНА СІҢІРГЕН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың Атырауда өткен үшінші отырысында: «Адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Яғни, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды», – деген еді. Президент тағы бірде: «Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады», – деді.

оның ішінде Түркістан облысының Төлеби ауданына қоныс аударып, осындағы Ақайдар мектебіне жұмысқа тұрады. Міне, содан бергі уақытта өзінің ізденімпаздығымен білім саласында болып жатқан түрлі өзгерістерден қалыспай, заман талабына сай шәкірттерінің бойына сапалы білім беруінің нәтижесінде ұжымына сыйлы, аймақта абыройлы атқа ие болды. Әр кезде білімін жетілдіруден жалықпаған ұстаз шәкірттерінің сүйікті мұғаліміне айналды.

Зағипа Алдиярованың ең үлкен қасиеті, ол – адалдығы. Жасыратыны жоқ, дәл қазіргідей өркім өзінің бас пайдасы үшін кеткен қилы заманда ақкөңіл, періштедей пәк, кіршіксіз тап-таза пейілімен айналасын өзіне баурап алатын жан некен-саяқ. Соның бірі де бірегейі деп ұлағатты ұстаз Зағипа Алдиярованы ерекше атап өтуге болады.

Оның ұстаздық жолынан бөлек, жеке өмірінде ерекше құрмет тұтатын асыл қасиеттері де бар. Қарт ата-енесімен бірге тұратын ол – келіндік міндетін де адал атқаратын, өзгелерге үлгі болатындай-ақ жан. Атажұртқа қоныс аударып келген соң, 2 қыздан кейін өмірге 1 ұл әкеліп, қуанышты күндерді өткізіп жүргенде қапияда жұбайынан айырылып қалды. Кенеттен келген науқас оны ойда-жоқта о дүниеге алып кетті. Бірнеше жылдан бері көрмеген сонау Қарақалпақстан еліндегі төркініне кете салысымен артынан суыт хабар жетіп, өмірлік жарының соңғы бейнесін көруге үлгері алмай қалғаны Зағипа ананың әлі күнге дейін жанғаны батады. Құрсағында қалған бөбегін жұбаныш етіп, өзін-өзі бекем ұстаған ол, содан бергі 20 жылда жұбайынан ерте айырылса да тағдырына

мойымай, 2 қыз, 2 ұлды қанаттыға қақтырмай тұмсықтыға шоқыттырмай, ешкімнен кем қылмай өсірді. Оларға әкесінің орнын жоқтатпай аналық қамқорлыққа бөлеп жетілдірді. Бүгінде қыздарын құтты қияға қондырып, ұлдарынан үміт күтіп отырған ана. Соның арқасында отбасы үлкен киелі шаңыраққа айналды. Текті әулетке келін болған Зағипа ана – жұбайынан жастай айырылса да, тағдырдың сынағына мойын бұрмай, қайсарлық таныта білген жан. Қосағынан ерте ажырап қалса да, тағдырдың талайына көніп, қалған ғұмырын бала-шағасына арнады.

Одан бөлек, бүгінде жасы 100-ге таяған қарт қайыналасының бар жағдайын жасап, жылы-жұмсағын аузына тосып отырған ибалы келін. Жолдасының қалдырып кеткен аманатына қиянат жасамай, азаматын ардақтай білген, көркем мінезімен айналасына сүйкімі бөлек жанды қалайша Адал азаматқа теңемесе?!

Мектепте 30 жылға жуық балаларға дәріс беріп, өзіндік қолтаңба қалдырып отырған ұстаздың жеткен жетістіктері, бірнеше марапаты да бар. Білім көкжиегін кеңейткен шәкірттері де талай шындрды бағындырып, жүделі орындарды алып жүр.

Өзі – «Үздік пән мұғалімі» байқауынан үздік тәжірибесі мен кәсіби шеберлігі үшін I дәрежелі диплом, «Жанартылған білімге жанашыл ұстаз» форумы аясында авторлық кітап номинациясының иегері, сондай-ақ облыстық, аудандық деңгейдегі бірнеше мадақтаманың иесі.

Ұжымында абырой-беделге ие, отбасына сыйлы осындай өнегелі жандарды неге өзгелерге өнеге етпеске?! Адал азамат дегеніміздің өзі де осы емес пе?!

ӘРБІР ӨТІНІШ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНУҒА ТИІС

Мемлекет басшысының пәрменімен елімізде азаматтардың құқықтарын қорғауға басымдық беріліп отыр. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында «Қоғамдық бақылау», «Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» секілді бірқатар маңызды заң қабылданды. Мемлекеттік органдарға «бір терезе» қағидасы бойынша өтініш немесе талап жолдауға арналған «Е-өтініш» сандық платформасы енгізілді. Елімізде соңғы жылдары жіберілген арыз-шағымдар саны 2 еседен артқан.



Түркістан облысы бойынша 109 бірінғай байланыс орталығына жыл басынан бері 100 837 өтініш, ұсыныс келіп түскен. Орталыққа өтінімдердің 97%-ы қонырау шалу арқылы және 3%-ы әлеуметтік желілер (WhatsApp, Instagram, Telegram, Facebook) арқылы жолданған. Бұл туралы бүгін облыс әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде кенінен талқыланды. Өңір басшысы халықпен байланысты нығайту, өтініштерге дер кезінде жауап беруді тапсырды.

– Байланыс орталығына түскен әрбір өтініш мұқият қалағаланып, бақылауға алынуға тиіс. Бұл істі сапалы атқара алмай отырған аудан, қала әкімдіктері жұмысты ширатсын. Өзекті, кезек күттірмейтін мәселелерді созбалаңға салуға болмайды. Байланыс орталығының жұмысын жетілдіріп, жүйелей түскен жөн, – деді Дархан Сатыбалды.

Жиын барысында облыстық Цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы басшысы Марат Айнабеков баяндама жасады. Оның айтуынша, өңір тұрғындары күнделікті коммуналдық-тұрмыстық, білім, әкімдік қызметтер бойынша өтініш түсіреді. Басқарма басшысы шағымдарға тиісті мекемелермен берілген жауапты sms-хабарлама ретінде тұрғындарға жолдауды ұйымдастыру, аудан, қала әкімдіктерімен түскен өтінімдердің уақытылы және сапалы орындауын қамтамасыз ету және тұрғындар арасында 109 бірінғай байланыс желісін кенінен насихаттау шараларын жүргізу сияқты бірқатар ұсыныстарын жеткізді.

Талдау нәтижесінде, 9 айдың қорытындысы бойынша өтініштер 13 пайызға төмендеп отыр. Негізінен, Түркістан және Кентау қалалары мен Төлеби ауданынан қоныраулар көп түседі. Ал өтінімдердің ең азы Сарыағаш, Созақ, Отырар, Мақтаарал ауданына тиесілі. Сонымен қатар «Таза Қазақстан» бағдарламасы бойынша да 20 маусымнан бері 500-ге жуық өтініш келіп түскен.

Айта кетейік, 109 бірінғай байланыс орталығы Түркістан облысы тұрғындарының өтініштерін қабылдап, жауапты басқармаларға немесе аудан, қала әкімдіктеріне, сонымен қатар жауапты бөлімдер мен мердігерлерге жолдап, өтініштердің толық, сапалы және уақытылы орындалуын қамтамасыз етеді.



ТҰРҒЫНДАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІН ТЫҢДАДЫ

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы – бұл ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауына арқау болған бағыттардың бірі. Мемлекет басшысының бұл тұжырымдамасы көптеген мәселеге қозғау салып, қалың ел тарапынан қолдау тауып отыр.

Билік өкілдерінің халықпен тығыз қарым-қатынасын жиі орнықтыру мақсатындағы осынау тұжырымдамасы бүгінде елімізде кеңінен жолға қойылған.

Түркістан қаласының жаңа әкімі Әзімбек Пазылбекұлы «Яссы» және «Шауғар» секторы тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында тұрғындардың мәселелерін тыңдап, шешу жолдарын сала басшыларымен бірге талқылады.

Кездесуге қалалық мәслихат төрағасы Ғаппар Сәрсенбаев, қалалық мәслихат депутаттары, жауапты қала әкімінің орынбасарлары және дербес бөлімдер мен тиісті мекеме басшылары қатысты.

«Яссы» және «Шауғар» тұрғын алабының халқы инфрақұрылым, жолдарды асфальттау, көшелерге видеокамералар орнату, қоғалдандыру және қоғамдық көліктердің жүру уақытын реттеу, сонымен қатар білім саласына қатысты бірқатар мәселені көтерді.

Шауғар секторының тұрғындары жақын маңайға «банк автоматтарын» орнатып беруін, орталыққа барып келудің қиын екендігін айтып, шаһар басшысына өтініш білдірді. Тұрғындар мәселесін тыңдаған қала әкімі банк жүйесіне ұсыныс білдіріп, тез арада тұрғындарға қолайлы жағдай жасап беруді тапсырды.

Тазалық мәселесіне қатысты қойылған сұрақтарға шаһар басшысы жұмыстың кезең-кезеңімен орындалып жатқанын, қазір қалада 300-ден аса тазалық қызметкері бар екенін, келесі жылы тазалық қызметкерлері санын арттыру жоспарланғанын айтты. Ал қоғалдандыру жұмыстары қала бойынша 25 қазаннан басталатынын жеткізді.

15 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ



«ҚАЗАНАТТАҒЫ»

ДОДА

Астанадағы «Қазанат» ипподромында Республика күніне және Қазақстан Республикасы мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл толуына орай Ұлттық ат спорты фестивалі аясында бәйге мен көкпардан жеңімпаздар анықталды.

Ұлттық спортты дамыту арқылы саламатты өмір салтын насихаттау және көкпардан үздік спортшыларды анықтау мақсатында өтетін турнирге 7 команда тіркелді.

Жеребе қорытындысы бойынша, А тобына Астана қаласы, Павлодар, Ақмола облыстары, Қарағанды қаласы түссе, Б тобында Қарағанды облысы, Қостанай облысы, СҚО өзара тартысты. Жарыстың алғашқы күні топтық ойындар өтсе, ертегіне финалдық ойындар ойналды.

«Көкпарға бас аяғы 7 команда қатысты. Атап айтқанда, Қарағандыдан 2 команда, Астана қаласы мен Ақмола, Павлодар, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарынан бір-бір команда тіркелді. Турнир бағдарламасына сәйкес, 10 қазан күні турнирдің алғашқы күні көкпаршылар, шабандоздар, атбегілер келіп орналасып, мандат комиссиясы мен төрешілер алқасының отырысы, жеребе тарту,

жарыс аттарын аламен таныстыру іс-шаралары өтті.

— 11 қазан күні көкпардан топтық ойындар басталды. Ал 12 қазан күні финалдық ойындар ұйымдастырылды. Онда жүлделі алты орын сарапқа салынды — деді жарыстың бас төрешісі Ерлан Канапин.

Айта кетейік, көпшілік көз тіккен жүйріктер додасының ашылу салтанатына біршама халық жиналды. Көрермендер үшін Ұлттық ат спорты фестиваліне кіру тегін болды.

«V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары барша жерлестеріміздің назарын аударып, ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық дәстүрімізді қайта жаңғыртуға, қызығушылықты арттыруға ықпал етті. Енді қалыптасқан жолды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Осы орайда заманауи «Қазанат» ипподромында 2 күн бойы көкпар мен бәйге түрлерінен жарыс ұйымдастырылды. Көкпардан жалпы жүлде қоры — 12 млн теңге, бәйге түрлеріндегі жалпы жүлде қоры — 20 млн теңгені




БӘЙГЕ ЖАРЫСЫНДА КІМДЕР ТОП ЖАРДЫ?

Республика күніне және Қазақстан Республикасы мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл толуына орай Ұлттық ат спорты фестивалі аясында бәйгемен жеңімпаздар анықталды.

«Жалпы, бәйге бойынша бүгінде онлайн түрде 8 ат тіркелді. Оның ішінде «Аламан» бәйгеге — 5 ат, құнанға — 3 ат.

Бәйге жарыстарының жалпы жүлде қоры — 20 000 000 теңге. Соның ішінде «Аламан» бәйге ғана 5 орынға дейін жеңімпаздарды анықтайды. Қалған бәйге түрлері үшін 3 орын ғана» — деді Астана қаласы бойынша «Бәйге» федерациясының төрешісі Гульнара Базарханова.



АЛАМАН БӘЙГЕ (25 шақырым). 21 қатысушы

- 1-орын. Дулат Нұрмұханбет («Гауһар қыз», Астана қаласы) — 4 млн теңге
- 2-орын. Әлібек Нұрғазы («Маржан», Астана қаласы) — 2,5 млн теңге
- 3-орын. Нұрсәулет Ерболов («Салпанқұлақ», Абай облысы) — 1,5 млн теңге
- 4-орын. Қуанышбек Төлендинов («Моли», Абай облысы) — 300 мың теңге
- 5-орын. Дүйсенбек Бақдәулет («Көкшоқай», Қарағанды облысы) — 200 мың теңге

ТОП БӘЙГЕ (15 шақырым). 13 қатысушы.

- 1-орын. Сембек Мұқағали («Айторған», Алматы облысы) — 2,2 млн теңге
- 2-орын. Әлібек Нұрғазы («Салауат», Астана қаласы) — 1,3 млн теңге
- 3-орын. Ералым Медетұлы («Түйеторы», Астана қаласы) — 900 мың теңге

ҚҰНАН БӘЙГЕ (9 шақырым). 18 қатысушы

- 1-орын — Темірлан Застенко «Сарма»
- 2-орын — Әмір Серік «Қызылжар»
- 3-орын — Қуанышбек Толендинов «Шыңғыстау»

ЖОРҒА (9 шақырым). 13 қатысушы

- 1-орын. Шабдан Алмасбекұлы («Профессор», Абай облысы) — 2 млн теңге
- 2-орын. Әлия Токтасынова («Триумф», Астана қаласы) — 1 млн теңге
- 3-орын. Дастан Әлибақасов («Яро Син», Абай облысы) — 600 мың теңге

құрады», — деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы, Ұлттық және олимпиадалық ат спорты түрлері федерациясының президенті Ерлан Канапин.

Сондай-ақ фестиваль аясында бәйге түрлерінен сайыстар өтті. Яғни, құнан бәйге, жорға жарыс, топ бәйге, аламан бәйге ұйымдастырылды.

Солтүстік аймақтың шабандоздарына арналған республикалық турнирдің қорытындысы бойынша, Қостанай облысы финалда Астана қаласын 4:2 есебімен жеңіп, чемпион атанса, Қарағанды қаласының спортшылары Қарағанды облысын басым түсіп, қола жүлдеге ие болды.

Сондай-ақ турнир барысында үздік номинация иегерлері де анықталды. Атап айтқанда, Астана қаласының спортшысы Александр Пупенко «Үздік шабандоз» атанса, «Үздік ат» номинациясын Қостанай облысынан келген «Доллар» сәйгулігі иеленді.

ҰЛТТЫҚ КҮРЕСТІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстан жеңіл атлетика кешенінің баспасөз орталығында күрес түрлері бойынша алдағы маңызды жарыстарға қатысу мен «Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің қызметіне қатысты өзекті мәселелерге арналған брифинг өтті.



Брифингте грек-рим, еркін және әйелдер күресінің бүгінгі жағдайы, даму бағыттары және жетістіктері кеңінен талқыланды. Брифингте федерацияның жетекшілері мен спорт сарапшылары қатысты, олар ұлттық күрестің маңыздылығы мен перспективасымен бөлісті.

Федерация өкілдері Қазақстанның халықаралық аренада, атап айтқанда Олимпиада ойындары мен әлем чемпионаттарында палуандардың көрсеткен жоғары нәтижелерін мақтан тұтатынын жеткізді. Әйелдер күресі өзіне ерекше назар аударатын спорт түрі болып табылатыны айтылды, себебі еліміздің әйелдер күресі соңғы жылдары айтарлықтай жетістіктерге жетті.

Спортшыларымыздың жетістіктері жөнінде Күрес федерациясының бас хатшысы Дима Шұлтанов:

«2022 жылғы Қазақстан чемпионатына 3 200 адам қатысты. Бұған барлық жастағы барлық стиль кірді. 2023 жылы біз аздаған өсімге қол жеткіздік. Ресми стартқа 3 500 адам қатысты. Егер халықаралық деңгейдегі спорттық нәтижелеріміз туралы айтатын болсақ, 2022 жылғы Қазақстан төрінде үш күнге созылған барлық жастағылар арасындағы турнирде жеңіске жеткенімізді атап өткім келеді. Әртүрлі салмақ категориясы бойынша 114 медаль болса, 2023 жылы көрсеткішіміз 116 медальға дейін өсті. Бұл медаль барлық жастағы құрлықтық және әлем чемпионаттарындағы ресми жарыстарда ғана алынғанын атап өткім келеді» — деді.

Брифинг барысында жастарды күреске тарту және оларға арналған секцияларды ашу туралы идеялар ұсынылды. Күрес федерациясы жастар арасында спортқа қызығушылықты арттыру мақсатында мектептер мен колледждерде жана бағдарламаларды енгізуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ кадр даярлау, инфрақұрылымды жетілдіру және халықаралық деңгейде ынтымақтастықты дамыту мәселелері де басты назарда болды. Федерация халықаралық ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеп, шетелдік мамандармен тәжірибе алмасу арқылы күрес спортының деңгейін көтеруді көздейді.

Келешекте федерация әйелдер күресінің дамуына арналған стратегиялық жоспарларды жүзеге асыруға ниетті, оның ішінде үміткерлердің санын көбейту, жарыстар өткізу және күрес спортына насихаттау бағытындағы жобалар бар.

«Еліміздегі күрес федерациясы — үздік федерациялардың бірі. Әлемдегі, Азиядағы федерация мүшелерімен тығыз байланыста болып, дұрыс жолда келе жатыр. Тек бір қалада емес, әр облысқа жауапты федерация өкілдері бар. Олардың түгелге дерлік мүшелері жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, түрлі жарыс ұйымдастыруда. Сондай-ақ спортты кеңінен насихаттау және дамыту бағытында жұмыстар атқарудамыз. Бұған дейін мен жүйелі түрде айналысатын спортшылар туралы статистикалық деректерді қабылдадым. Айтайын дегенім, проблемалы аймақтарда әйелдер күресімен айналысатындар саны аз, бірақ федерацияның күш-жігерінің арқасында әйелдер күресінен мемлекеттік жаттықтырушымен бірлесе отырып, Жамбыл ауданында филиал ашуға қол жеткіздік», — деді Қазақстан күрес федерациясының президенті Дәулет Тұрлыханов.

Бетті дайындаған Әсет ҚАЛИ



AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор — Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор — Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС — Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ — Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА — Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ — Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ — Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН — Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ — Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК — Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА — Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ — Қызылорда облысы
Баи Жанұзақ — Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4509
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,